



Көмірден кейінгі
көкжиек



Абайтанудың
қазығы –
сөт ғылымы



Кинделан келді



3-бет

6-бет

8-бет

Триллион теңгелік табыс

Аймақ экономикасы тұрақты өсім көрсетіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында белгіленген міндеттердің уақытылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етуде қамшы салдырмай қара үзіп келеді. Әсіресе, облыс өңдеуші өнеркәсіп көлемі бойынша өңірлер арасында алғы шептен лайықты орнын алды. Мәселен, өткен жылы 3 трлн теңгеден астам өнім өндіріліп, жалпы өңірлік өнімнің 35%-ын құрады. Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденейдің БАҚ өкілдерімен өткен брифингінде өңірдің өнеркәсіп әлеуеті назарға ұсынылды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



• РЕСМИ SMS әскерге шақырады

Қазақстанда әскери қызметке шақыру тәртібі өзгерді. Бұдан былай шақыру қағаз түрінде ғана емес, 1414 нөмірінен SMS-хабарлама арқылы да жіберіледі. Енді жастарды көшеден немесе басқа қоғамдық орындардан мәжбүрлеп әкетуге тыйым салынады. Ал, шақырту алған азамат әскери басқару органына келмесе, жауапкершілікке тартылады.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, әскерге шақырылушылар белгіленген күннен үш күн бұрын SMS-хабарлама алады. Онда медициналық тексеруден өту және әскери комиссариатқа келу уақыты көрсетіледі. Электронды хабарлама eGov порталы арқылы да қолжетімді болады. Егер азаматқа бірнеше нөмір тіркелген болса, SMS олардың барлығына жіберіледі. Электронды хабарлама мүмкін болмаған жағдайда шақыру қағаз түрінде табысталады. Оны әскери комиссариат қызметкерлері, пошта курьеры немесе жұмыс орнының басшысы қолхат арқылы бере алады.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңның 31-бабына сәйкес, шақыру екі кезеңде жүргізіледі, көктемгі шақыру наурыздан маусымға дейін, күзгі шақыру қыркүйектен желтоқсанға дейін. Биылғы күзгі әскерге шақыру 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін жалғасады.

Шақырту алған азамат әскери комиссариатқа келмесе, Әкімшілік кодекстің 647-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады. Ал, әскерден жалтарған жағдайда Қылмыстық кодекстің 387-бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Бұл үшін 1000 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл немесе 1 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылуы мүмкін.


► 2-бет

Дрон табиғатты күзетеді

Бүгінде еліміздегі өзекті мәселенің бірі – экологиялық қауіпсіздік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында қоршаған ортаны қорғау мәселесін үнемі назарда ұстап, ел болашағы үшін табиғаттың тазалығы мен ресурстарды ұтымды пайдаланудың әр азаматтың ортақ міндеті екенін айтып келеді. Президент тапсырмасы аясында республика көлемінде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы іске асырылуда. Аталған ұлттық бағдарлама кеншілер астанасында нақты нәтижесін беруде. Бұл бағытта заңбұзушылық та жоқ емес. Ал, экологиялық заңбұзушылықтарға қарсы күрес облыста жаңа деңгейде.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінгі таңда өңірде қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау мен жауапкершілік тетіктері күшейіп келеді. Енді заңсыз қоқыс тастау фактілері тек тұрғындар хабарламасы немесе жоспарлы тексерулер арқылы ғана емес, заманауи



Сурет облыс жалауымен сыйған



цифрлық технологиялардың көмегімен де анықталуда. Бұл бағытта дрондардың тиімділігі айқын аңғарылып отыр.

Мемлекет басшысы Жолдауларында еліміздің әр азаматы табиғатты аялауы тиіс екенін, ал, заңды бұзғандар міндетті түрде жауапқа тартылатынын ескертіп келеді. Президентіміздің экологиялық мәдениетті қалыптастыру жөніндегі тапсырмасы құқық қорғау органдары үшін де нақты бағдарға айналды.

– «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында өңір полициясы табиғатты қорғау заңнамасын бұзғандарды анықтау және жауапқа тарту бойынша пәрменді шаралар қабылдауда. Бұл іске жаңа технологиялардың қосылуы қадағалау сапасын арттырып қана қоймай, экологиялық тәртіпті нығайтуға да елеулі үлес қосуда.

► 7-бет

Триллион теңгелік табыс

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өндеу өнеркәсібінің өрісі

Өңірде елдегі көкстелетін көмірдің барлығы, энергетикалық көмірдің үштен бірі, түрлі-түсті және бағалы металдардың елеулі бөлігі әрі жалпақ илемнің 100%-ы өндіріледі. Бұны – өңір мен тұтастай елдің өнеркәсіптік қуатының негізіне баласақ, әсте жаңылыспаймыз.

– Бизнес өсімі мен инвестиция тартуға, экономиканың түрлі салаларын дамытуға жағдай тиісінше жасалу үстінде. Соның нәтижесінде облыс ел экономикасының дамуына айтарлықтай салым қосып, жалпы ішкі өнім көлемі бойынша төртінші орынды иеленіп отыр. Өткен жылы экономикалық өсім қарқыны 8,8%-ға жетіп, осындай оң динамика сақталып келеді. Мұның барлығы – мемлекет пен бизнес тараптарының бірлескен жемісті жұмысының нәтижесі, – деді Әлібек Үсенұлы.

Қуанарлық жайттар бар. Экономикалық өсім деңгейі тікелей инвестициялық белсенділікке байланысты. Мемлекеттік қолдаудың арқасында 2024 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі өткен жылмен салыстырғанда 64%-ға өсіп, шамамен 1,5 трлн теңгені құраған еді. Биыл болса, 1,5 трлн теңгеден астам инвестиция тарту көзделген-тін. Оның ішінде 723 млрд теңге өнеркәсіп саласына бағытталмақ.

Сайып келгенде, қазіргі дүмпулі дәурен – күні кешегі асқаралы арманың жемісі. Жетістігі де – шүмектеп аққан маңдай тер, кол еңбегімен келген халқымыздың ерік-жігерінің көрінісі. Өндеу өнер-

кәсібінің өркендеуі – әлдеқашан жасала салған әлдебір құрғақ сан мен пайыздың, инвестицияның жалқы есебі емес. Ел намысы, жұрт тілегі, ұрпақтың болашағы үшін тынбай соғатын жүректер лүпіліндей. Әсілі, өркениет темір мен оттың тіл табысқан сәтінен басталмақ. Өзелде де солай болған еді. Ендеше, бүгінгі өнеркәсіп өрісі сол өркениеттің паракты парағы. Сол сырлы сандар тасасында тұрған шындықты да көре білейік. Ол шындық – зауытта түнімен тер төккен жұмысшының маңдай тері. Бұл – инвестиция тартамы деп талмай шапқылаған басшының жанкешті еңбегі! Осынау өркенді жолда тек үкімет емес, мұқым халықтың қайраты, сенімі, ісі қатар тоғысты. Сондықтан да, бұл жеңіс – бәріміздің ортақ жемісіміз.

Жұмысшы

жылындағы жетістік

Тайманбас талаптың тегеуріні болар, аймақта жалпы құны 3,6 трлн теңге болатын 120 инвестициялық жоба әзірленіп, оның аясында 12 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. 67 жоба өнеркәсіп пен өндеу секторына тиесілі. Келер жылы 29 инвестициялық жоба іске қосылса, мұның 15-і өнеркәсіп пен өндеу саласына тиесілі. Дәйектей отырасақ, тек биылдың өзінде ғана ыстық мырыштау зауыты мен «Silk Road Electronics» шеңберінде «Samsung» теледидарлары мен кір жуғыш машиналарын шығару желісі өндірістері қолданысқа сәтмен тапсырылды. Жыл соңына дейін тағы да бірнеше нысан іске қосылды. Санамалайық, «Тәміо Қазақстан» атты болаттан тік жікті құбырлар өндірісі, «Силумин оф

Қазақстан» дейтін алюминий радиаторларының жаңа легі, «Qaragandy Power Silicon» – кремнийлі қорытпалар ісі, «Гиперборей» атты қуаты 150 МВт жел электр станциясы кезек күтіп тұр.

2030 жылға дейін жаңа жобаларды дамытуға қажетті база дайындалып жатыр. Аймақ өнеркәсіп пен инфрақұрылымдық жобаларды қатар дамытуды көздеп отыр. Өл-әзір келесідей өндірістер іске асырылуда. «Saran Machinery» – HOWO жүк көліктерін шығару, «Karaganda Insolation» жылу оқшаулағыш материалдар өндірісі, «KazClinker» – клинкер плиткасы өндірісі. Және де америкалық «IG Global» және түріктің «Yildirim» компаниялары сирек және бағалы металдарды барлау жұмыстарын жүргізуде. «Құйрықтыкөл» кен орнында барлау амалдары аяқталып, болжамды қоры 28,2 млн тонна сирек металл деп бағаланды. Алтын, мыс пен вольфрамның жаңа басымдықты кен орындары анықталды.

«Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы да бүгінде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Мұнда жалпы көлемі 211 миллиард теңге инвестиция тартылды. Өндіріс орындары 258 миллиард теңгенің өнімін шығарып та үлгерді. Соның нәтижесінде мемлекет қазынасына 26 миллиард теңге салық түсті. Ал, аймақта 1300 тұрақты жұмыс орны ашылды. Мұнда 24 қатысушы тарап тіркелген, оның ішінде 11 жоба іске қосылып, 13-і жүзеге асырылу үстінде. «Sagap» индустриалды аймағында 12 қатысушы жалпы сомасы 472 млрд теңге инвестиция сарп еткен. Бұл – 4,6 мың жаңа жұмыс орны. Қосымша құны 14 млрд теңге болатын үш шағын индустриалды



аймақ салынып жатыр. Инвесторларға қолайлы жағдай жасау үшін облыста арнайы теңгерімді тетік қалыптасқан. Облыс әкімі төрағалық ететін инвестициялық штаб жұмысы да кідірмейді. Әрбір жобаға жауапты маман бекітіледі. Инвесторларға қызмет көрсету орталығы «бір терезе» қағидаты бойынша құрылысқа рұқсат беру, визалық қолдау, инвестициялық келісім-шарттар рәсімдеу бойынша толық көмек көрсетеді.

Қош, Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтарының жылы» көзімізге көзіайым болар бірқатар игі жайттарды көрсетіп берді. Жетелі жетістікті алғы күндерге орайлы ұластыра түсу үшін облыс индустриаландырумен қаз-қатар ғылым мен инновацияны дамытуға да ерекше көңіл бөлу. Бүгінде инновациялық өнім көлемі 124 млрд теңгеден асса, экспорттағы үлесі ел бойынша 25%-ды құрады. Арқа атырабында Ғылым және технологиялар кеңесі құрылып, «Картех» орталығы ашылуда. Ордалы орталық жаңа технологияларды зерттеп, стартаптарға қолдау көрсетеді. Президент жариялаған «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында кәсіпорындар мен колледждердің байланысы күшейтілуде. Қазір 8 жоғары оқу орны, 52 колледж бар, оның 40-ы дуалды оқыту жүйесінде. Жалпы 33 мың студент білім алуда. Саран қаласында да өндірістік қажеттілікке сай жаңа мамандықтар ашылды. Атап айтар болсақ, резина-техникалық өндіріс, шиналар өндірісі, «QazTehna» үшін автокөлік бо-

яушысы және автоқұрастырушы мамандықтары. «Qazmet» оқу орталығы базасында корпоративтік университет құрылып, «Jumys tar» және «WorldSkills» жобалары арқылы қайта даярлау мен біліктілікті арттыру бағдарламалары іске асуда.

Иә, жұмысшы жылының жылнамасы осы рәуішті. Құдды бір маңдайдан аққан тердің қадірін, қол еңбегінің құнын ұмытпаған елдің ерлік шежіресіндей екен. Халық осы жолы да бекемдік танытты. Бір кездегі сарсаң болған Саран, үні естілмей қалған зауыттар, бос қалған алаңдар бүгін қайта жанданып, қайта тыныстап келеді. Ел еңбекпен биік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жұмысшы мамандықтарының жылы» жариялағанда, баянды бастама ұлттың іргесін бекітетін нақты кадам екенін аңғарған едік.

Стратегиялық сала

Таңданарлық нәрсе тағы бар. Өндірісті өңірде сирек кездесетін жер металдарының болжамдық қоры анықталды. Қарқаралы ауданында Құйрықтыкөл деген ірі сирек кездесетін жер металдарының кен орны орналасқан. Іздеу-қазба жұмыстары жақында аяқталмақ. Болжамдық қор көлемі 28 млн тонна деп бағаланып отыр. Бұл алаңды игеру Қазақстандағы пайдалы қазбаларды пайдалану саласының дамуына жаңа серпін беруі бек мүмкін.

– Аймақтың кен байлығын ескере отырып, шетелдік компаниялар

барлау жұмыстарын жүргізу барысында. Яғни, минералды-шикізат базасын кеңейтіп, сирек кездесетін және қымбат металдарды қайта өңдеуге арналған жаңа өндірістерді салуға тың мүмкіндік береді. Мысалы, Құйрықтыкөл кен орнында геологиялық барлау жұмыстары аяқталды. Сирек кездесетін жер металдарының болжамдық қоры – 28,2 млн тонна. Алтын, мыс және вольфрамның әлеуеті зор кен орындары да қосымша анықталды, – деді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей осы орайда.

Спикердің сөзінше, жаңа зауыттар мен қажетті инфрақұрылымды салу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Облыс әкімінің орынбасары өңірдің тау-кен және өндеу өнеркәсібін дамыту бойынша ұзақ мерзімді әлеуеті бар екенін атап өтті.

Темірдің тіні – жер қойнауында. Жер – құт, жер – береке. Осы бір мызғымас ақиқатты ата-бабаларымыз аңдап, түйір топыраққа тәу еткен. Ал, бүгінгі таңда сол құнарлы да құтты топырақтың тереңінен ерек сыр ақтарыла бастады. Құйрықтыкөлдің құпиясы тек Қарқаралының ғана емес, тұтас елдің бағы ашылар күннің нәшті нышаны болмақ. Зайында, сирек металл дегеніміз – жеті жиһан таласып отырған асыл қазына. Күннен қуат алатын панельдерден бастап, ғарыш кемесіне дейін керек дүниенің негізі бұл. Бізде сол ең байлықтың бәсіресі төл топырағымызда жатыр.

Байлам

Уыста тұрмас уақыт – өз өрісін өзі таңдайды. Бірде баяу сырғып, бірде екпін алып, алға ұмтылады. Талайлы тарих төре сол уақыттың танбасын ұмытылмастай етіп тасқа қашар киелі шежіре ме дерсіз бірде. Өрісті де өркенді кенді өлкенің танбасында күйе табы бар алақан, маңдайдан аққан адал тер, жаңа зауыттың ыстығына төтеп берген жүрек жылуы бар. Ертеніне еңсесін тіктеген елдің, биікті бетке алған болашақтың бейнесі дейміз мұны бір сөзбен. Өндірісі жандана түсіп, ұмыт қалған учаскелерге әр кірді. Қара жер қойнауынан табылған байлық жұртшылық игілігіне айналды. Ғылым мен өндірістің, еңбек пен білімнің, үміт пен сенімнің тоғысқан тұсы – осы бүгінгі Арқа төсіндегі өрлеу. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың баянды бастамалары, аймақтың жүйелі жұмысы мен халықтың жігері тоғысқан сәтте ғана мұндай тарихи белес мүмкін болмақ.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• ЭНЕРГЕТИКА

Қыс қыр астында

Қарағанды облысы қыстың қатал мінезіне биыл да тас-түйін дайын. 2025-2026 жылғы жылыту маусымына дайындық жұмыстары аймақта жүйелі түрде жүргізіліп, бүгінде негізгі жұмыстардың деңі аяқталуға жақын. Бұл – тұрғындардың өмір сүру сапасы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін жауапты кезең.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жөндеу мен жаңарту қатар жүруде

Облыстың аталған мәселеге жауапты құрылымдары энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы мен төтенше жағдайлар департаменті жұмысты әр қырынан үйлестіріп келеді. Бірі – жылу мен инфрақұрылымға, екіншісі – қауіпсіздік пен адам өміріне жауапты.

Облыстық энергетика және ТКШ басқармасының басшысы Тілектес Досаевтың мәлімдеуінше, қазіргі таңда жылыту маусымына дайындық 95 пайыз деңгейіне жеткен.

– Біз бұл маусымға ерте қамдандық. Облыс аумағындағы барлық нысандарды уақытылы дайындау – басты басымдықтардың бірі. Қазіргі кезде 585 жергілікті жылу көзі, 1 400 шақырымнан астам инженерлік желі, 1 083 әлеуметтік маңызы бар нысан және 5 670 көпқабатты тұрғын үй жылу беруге дайын, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Аймақтағы 7 ірі энергия көзінде де ауқымды жұмыстар атқарылууда. Жылдық жоспар бойынша 47 қазандық пен 29 турбина жөндеуі тиіс болса, оның 24 қазандығы, 16 турбинасы бүгінде толықтай жаңартылған. Қалған 13 қазандық, 6 турбинада

жұмыстар жалғасып жатыр.

Жылыту маусымындағы ең маңызды мәселе – отын тапшылығына жол бермеу. Бұл бағытта да жұмыстар уақытылы жүргізілген. Атап айтсақ, 1 миллион 468 мың тонна көмір мен 11,3 мың тонна мазут энергия стансаларының қоймаларында сақтаулы. Сонымен қатар, коммуналдық және халықтық қажеттілікке деп жалпы 851,1 мың тонна көмір дайындалған, оның ішінде, 330,4 мың тоннасы коммуналдық-тұрмыстық секторға, 520,7 мың тоннасы жеке тұрғындар үшін жеткізілген.

«Біз жөндеумен ғана шектелмей, жаңа инфрақұрылым салуға да басымдық беріп отырмыз. Биыл Абай және Осакаров аудандарында үш жаңа модульдік қазандықты іске қосу көзделген. Бұл – алдағы жылдары жүйенің тұрақтылығын арттырып, тұрғындарды үздіксіз жылумен қамтуға мүмкіндік береді», – деп нақтылады Тілектес Досаев.

Өрт қауіпсіздігі көтермейді

Жылыту маусымы басталған сәтте өрт қауіпсіздігі де басты назарға алынуы тиіс. Өткен маусымда тіркелген жағдайлар бұл мәселеге үстірт қарауға болмайтынын көрсетті.

Қарағанды облысы ТЖД Мемлекеттік өртті бақылау басқарма-

сының бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Нұрлан Жақыпбаев бұл бағыттағы жағдайды түсіндіріп өтті.

– 2024-2025 жылғы жылыту маусымында 314 өрт оқиғасы тіркеліп, 16 адам қайтыс болды. Тағы 14 тұрғын түрлі дәрежеде жарақат алды. Өрттің басым бөлігі әлеуметтік осал топтар тұратын үйлерде орын алды. Осыған байланысты алдын алу жұмыстары биыл бұрын-соңды болмаған қарқынмен басталды, – дейді Нұрлан Жақыпбаев.

Биыл 5151 үй арнайы есепке алынып, олармен жеке түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. 15 тамыздан ТЖД департаменті мен жергілікті әкімдіктер үй-үйді аралап, өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру және өрт хабарлағыш құрылғыларын орнату жұмыстарын бастап кетті.

Басқарма басшысының айтуынша, биылғы 4059 үй қамтылып, олардың барлығына өрт хабарлағыштар орнатылған. 2018 жылдан бері облыс бойынша 8273 хабарлағыш орнатылса, бұл құрылғылар талай отбасын дер кезінде құтқаруға көмектескенін атап өткен жөн.

Облыс әкімінің тапсырмасымен биылғы жылыту маусымына орай екі кезеңді профилактикалық жоспар бекітілген. Бірінші кезеңде әлеуметтік осал санаттағы тұрғындар тұратын үйлерде түсіндіру мен тексеру жұмыстары жүргізілсе, екінші кезеңде пешпен жылытылатын барлық үйлерде қауіпсіздік шаралары бойынша үй аралау, ұнпарақ тарату, түсіндіру жұмыстары жүргізілмек.



Қарапайым ереже аман сақтайды

Төтенше жағдайлардың басым көпшілігі қарапайым қауіпсіздік ережелерін елемеден туындайды. Осыған байланысты ТЖД департаменті тұрғындарды қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақыралапты.

Атап айтсақ, пештер мен газ құрылғыларын тек жарамды күйде пайдалану, мұржаларды әр тоқсан сайын тазалап отыру, пешті шамадан тыс қыздырмау, пеш жанында киім, зат кептірмеу, балаларға от жағуға, газ құрылғыларын пайдалануға тыйым салу және пешті қараусыз қалдырмау.

Газ қауіпсіздігі де ерекше назарда. Подполковник Нұржан



Жақыпбаев бұл туралы айрықша атап айтты.

– Тұрғындар екі қабаттан жоғары үйлерде газ баллондарын сақтамауы керек. Олар балконда, лоджияда, жылу көздерінің жанында болмауы тиіс. Газ құрылғыларын өз бетінше орнатуға, жөндеуге немесе ауыстыруға қатаң тыйым салынады, – деп толықтырды сөзін.

Облыстағы сала мамандары мен жауапты күзиретті органдар биылғы жылыту маусымына тек техникалық емес, кешенді көзқараста. Жөндеген қазандықтар мен турбиналар, жеткізілген көмір мен мазут, іске қосылуға дайын жаңа нысандар – жылу тұрақтылығының кепілі.

Ал, екінші жағынан, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету – адам фактордың маңызды тетігі. Бұл тұрғыда тұрғындардың жеке жауапкершілігі, салғырттыққа жол бермеуі – атқарылған жұмыстың тиімділігін анықтайды.

Қысты қиналмай қарсы алуға толық дайынбыз десек те, әр тұрғын өз үйінің, отбасының қауіпсіздігіне өзінің де жауапты екенін ұмытпауы тиіс.

Демек, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау – адам өмірін сақтаудың жолы. Әр үйде, әр отбасында қауіпсіздік бірінші орында тұруы қажет.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Көмірден кейінгі көкжиiek

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында «Біз ел тағдыры үшін айрықша мәні бар бірқатар жобаны жүзеге асыруымыз керек. Экономиканы әртараптандыру бұрынғыдан да маңызды міндетке айналуда», – деп кесіп айтты. Көріп отырғанымыздай, жылма-жыл экономикалық көзқарас жоғарыламаса, кемімеді. «Неге?» дейсіз ғой. «Негесі» сол, экономика «жүріштің арқасында күрмек су ішкенін» көтермейді. Пікір үстеп, тақырып аясына тереңірек сүңгіп көрейік...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент парасаты
Күні кешегі Кеңес үкіметі уағында көмірлі Қарағанды атанған орталық облыс келер шақтарда экономика екпінін көмір саласынан өзге де арналарға бұрып келеді. Әлбетте, «кеме келсе, қайықты судан шығаруды» әл-әзір ұмыта қоймағанымызбен, ертелі кеш өңір «ағзасындағы» ең «қарулы» деген маңдарға дүрбімен көз салып, талғам таразысына тартып көру әркез пайдалы. Мұндай саналы көзқарас «дауыл күнгі дарияның күшіндей бір» екпін дарытары тағы аян. Сондықтан болар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдаулары мен маңызды мәлімдемелерінде бүгінде Қазақстанда макроэкономикалық жағдай тұрақты екенін, экономикалық даму деңгейі оң динамика көрсетіп келе жатқанын ұдайы баса белгілеп келеді. Алайда, Президент Қазақстан экономикасын дамыту, өзін-өзі қамтамасыз ететін деңгейге жеткізу, оған қоса, ел экономикасын әртараптандыру, халық табысын арттыру мәселелері қашан да өзекті болып қала беретінін де қоса мәлімдеді. Демек, манағы біз айтқан «күрішті күрмектен айыра білгенде» ғана ұшпақтың ұшын көре аларымыз да бір ақиқат.

Бүгінде күллі жаһан елдері ішкі экономикасын әртараптандыруға тырысып жатыр. Себебі, бір ғана салаға немесе шикізатқа иек артқан қай-қай елдің де келешегі туралы сөз қозғау қиын-ақ. Бұл тұста ел экономиканы әртараптандыру үшін өнеркәсіпке, соның ішінде, агроөнеркәсіпке, индустрияға, салаларды цифрландыруға ден қойылды. Өз кезегінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін экономиканы әртараптандыру ісінде шағын және орта бизнестің де өзіндік рөлі барын атады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында да халықаралық аренада геосаяси жағдай ақсап тұрған шақта еліміздегі ішкі экономиканы дамыту бойынша бірқатар міндеттерді меңзеп, көрсетті. Ел басшысының былтырғы Жолдауына жүктелген тапсырмалар легі мен нәтижесіндегі \$150 млрд тікелей инвестицияны ой елегінен өткізіп көрейік.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында Үкімет пен әкімдер экономиканың құрылымын өзгерту мәселесіне баса назар аударуын, еліміздің тұрақты дамуына мүмкіндік беретін жаңа тетіктер қарастыруын тапсырған болатын. Мүмкін, соның шарапаты болар. Президент инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсарту жолындағы үздіксіз жұмыстың маңыздылығын атап өтіп, Үкіметке экономикаға салынған тікелей инвестиция көлемінің азаюына жол бермеуді және тапсырды. Мүмкін, соның да игілігі шығар. Айтқандай, өткен жыл қорытындысына сәйкес, жалпы ішкі өнім көлемі бойынша максатты көрсеткішке қол жеткізіліп, 5%-ды құрады. Биылдың да бірінші жартыжылдығында еліміздің экономикалық даму көрсеткіштері айтарлықтай жақсарды.

Президент Үкімет алдына 2029 жылға қарай ел экономикасын екі



есеге арттыру мақсатын қойды. Бұл бағыттағы жұмыс, оның ішінде инвестицияларды ынталандыру, өнімділікті арттыру және экономиканың шикізаттық емес салаларын кеңейту есебінен жалғасуда. Биылғы 7 айдың қорытындысы бойынша экономиканың өсуі соңғы жылдары 6,3%-ды құрап, рекордтық көрсеткішке жетті. Нақты сектордағы өсім 8,3%-ды құраса, қызметтер өндірісі 5,2%-ға артты. Негізгі драйверлер көрсеткіштері келесідей: көлік +22,5%, құрылыс + 18,5%, сауда +8,6%, тау-кен өнеркәсібі +8,5%, өңдеу секторы +6,1%. Қош делік, түптің түбінде өңір ел қамбасына қандай салым қосады? Бізді толғандыратын мәселе де – осы.

Тенгерімді даму тетіктері
Өңір өмірін жақсарту демекші, әрине, әр аймақ алабын албарына дейін орнықты әрі тенгерімді дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының 2025-2030 жылдарға арналған өңірлік даму тұжырымдамасы бекітілген-тін. Тұжырымдама халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және макроөңірлер мен дамудың басты бағыттары негізінде өңірлердің экономикалық әлеуетін ашуға бағытталған. Дәл осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымына қол жеткізудегі теңсіздіктерді азайтуға ерекше көңіл бөлінеді. Дамуы кенже қалған өңірлерге өңірлік стандарттар жүйесі негізінде республикалық бюджет есебінен қаржыландыруда басымдық беріледі. Тұжырымдаманы жүзеге асыру тиісті іс-шаралар жоспары, кешенді жоспарлар, ұлттық жобалар, жол карталары және басқа да салалық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Ең соңында өңірлік стандарттарға сәйкес, әлеуметтік игіліктер мен қызметтерді

қамтамасыз ету деңгейі артады деп күтіледі.
Елімізге инвестиция тарту – Президенттің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойылған басты міндеттердің бірі. 2025 жылдың жеті айының қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы көлемі 9,9 трлн теңгені құрады. Көріп тұрғаныңыздай, саналы көзқарас пен байыпты бағдарлама шарапаты өз дегенін істетіп үлгерді. Кейінгі 7 айдағы инвестициялардың негізгі үлесі тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу, жылжымайтын мүлік операциялары, көлік және қоймалау, білім беру, ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету сияқты салаларға тиесілі.
Өңірде инвестициялардың өсу қарқыны бойынша білім беру, қаржы және сақтандыру қызметі, мемлекеттік өнеркәсібі, сумен жабдықтау, көріз жүйесі, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластанумен күресу қызметі, өнер, ойын-сауық, демалыс, жылжымайтын мүлік операциялары салалары оң динамика көрсетті. Мүмкіндігін қалт жібермеген Қарағанды экономикалық ханталапайда көбірек әрі астамырақ ұпай жиып алды. Бастысы, кәсіпкер атаулысы «есігін тас бекітіп» тастап, «әліптің артын бағып» отыру деген әдістің ескіргенін мықтап ұғына керек.

Сананы өзгерткен Саран
Қазыналы Қарағанды экономикалық тұрғыда көмірімен де ертеңгі күнге деген жігер сенімімен де қарышты қадам баспақ. Бұрынырақ Қарағанды десе, террикон таулары

мен көмір кесегін елестетіп үйренген жан бұдан соң бизнес әріптестігі нығайған һәм әртараптанған голограмма мен кестені кесе көлденең келтірмек ой таразысына. Сондай игі сана байламы қалыптасуға тиіс

атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.
Қарағанды облысында өткен жылы инвестиция көлемі 854 млрд теңгеден асты. Меже кемінде 1,5%-ға ұлғайтылды. Биыл өңірде эконо-

тегінде. Дәйектеп көрсек, алдымен тіл ұшына серпілген Саранның монокалалар қатарынан шыққаны келер. Теміртау, Балқаш, Шахтинск және Абай монокала мәртебесінде қалып отыр. Экономиканы әртараптандыру жұмыстарының арқасында Саран осы санаттан шығарылды. Қалған монокалалар облыстың барлық өңдеу өнеркәсібінің 57% және жалпы көлемнің шамамен 22% инвестициялауды қамтамасыз етеді. 2022 жылдан бастап, Монокалаларды дамыту бойынша жол картасы іске асырылып жатқанын атап өтті. Инфрақұрылымды жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2023 жылы 56 жоба жүзеге асырылды. Балқашта су құбыры және жылу желілерін қайта жаңарту жалғасуда.

миканы 2,5%-дық өсімі жоспарланып отыр. Құрылыс жұмыстарының көлемі шамамен 39%-ға өсті. 422,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

Басты талап
Көлік саласы да қарқынды дамып, ішкі сауда көлемінің өсуі халықтың сенімін нығайтып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Өңдеу өнеркәсібінде де өсім бар. Қара және түсті металлургия, машина жасау, құрылыс индустриясы сынды салаларда игіліктің артуы, әрине, халықтың тұрмыс деңгейін жақсартып, әрбір отбасына әсер етеді. Инвестициялар көлемі 910 миллиард теңгеге жетіп, 1,5% өсіммен елдің



Теміртауда жылу желілері жаңғыртылуда, Шахтинск қаласында су құбыры желілері ауыстырылуда.
Басты міндеттердің бірі – экономиканы әртараптандыру, қала құраушы компаниялардың айналасында шағын және орта бизнесті оқшаулау, жаңа инвесторларды тарту қарастырылған. Монокалаларда бос үй-жайларды пайдалана отырып, шағын өнеркәсіптік аймақтар құру жоспарлануда. Өз кезегінде жергілікті билік жетіспейтін инфрақұрылымды өткізеді. Теміртау дегенімізде, қала құраушы компанияның айналасында 200-ден астам шағын және орта кәсіпорындардың белдеуі құрылды. Арнайы кокс және тау-кен саласына арналған өнімдер өндіру. Инвесторларды ақпараттандыру үшін қалада арнайы гид әзірленді.
– Монокалаларды кешенді және сараланған түрде дамыту үшін инфрақұрылымды жақсартумен қатар, инвестициялар тарту үшін жағдай жасау қажет. Өсу нүктелерін ізденізде. Жаңа өндірістердің ашылуына ықпал ету қажет. Бұл ретте импортты алмастыратын өндірістерді қолдауды талап ететін, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды назардан тыс қалдырмау керек. Осы тұрғыда белсенді жұмыс істеу қажет, – деп

экономикасына жаңа тыныс бермек. Елдің дамуы үшін тағы да он инвестициялық жобаның жүзеге асуы қажет. Құрылыс саласында да ілгерілеушілік бар. Алайда, ең бастысы, тұрғын үй құрылысының қарқынды сақтау. Қала аумағында жаңа құрылыстар бой көтеруде, бірақ бұл жаңа тұрғын үйлердің жылумен қамтамасыз етілуі өте маңызды. Бұл үшін үшінші жылу құбырының құрылысы облыс орталығында басталып, келесі жылы іске қосылады. Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Қожуховтың айтуынша, нысан биыл толық аяқталып, халыққа қызмет етуге дайын болады.
Мақсатты жолда әрбір адамның еңбегі маңызды. Жаңарған Қарағанды – жаңа мүмкіндіктер мен үміттің ордасы. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өз кезегінде Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау бойынша іс-қимыл жоспарын ұсынды. Әрбір ауданда, монокалада өсу нүктелерін құру қажеттігін қаперге салды аймақ басшысы. Әлеуетті шетелдік инвесторлар үшін жобалар пулын қалыптастыру өмірлік маңызға ие. Облыс әкімі шағын өнеркәсіптік аймақтарды құру мәселесін пысықтауды тапсырды. Бұған кәсіп-

лады, – деп атап өтті спикер.
Сарапшы сөзінше облыс үшін ағымдағы әртараптандыру стратегиясы 2027 жылға дейін жоспарланған. Болжам бойынша, өңірдің жалпы ішкі өніміндегі тау-кен және металлургияның, өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының үлесі артады. Дегенмен, әртараптандыру процесі жай ғана экономикалық көрсеткіштермен емес, сонымен қатар, жұмыссыздықты төмендетіп, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталуы тиіс. Тағы бір үлкен бағыты – білім беру мен ғылымды дамыту. Адам капиталының жаңғыртылуы, заманауи білім жүйесі мен кәсіби біліктілігі жоғары мамандардың даярлануы, аймақтағы инновациялық сектордың өсуіне ықпал ететін факторлардың бірі. Бұл үдеріс ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу өндірістері мен жаңа технологиялар негізделген салада маңызды рөл атқарады. Әлихан Жамалұлының айтуынша, бұл жолда сәттілікке жету үшін мемлекет пен жеке сектор арасындағы ынтымақтастық пен қадамдардың үйлесімділігі маңызды рөл атқаратын болады.
Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**



керлік және өнеркәсіп басқармалары, қалалар мен аудандардың әкімдері «Сарыарқа» ӘКК және өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп қатысады. Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бойынша тапсырмалар берілді. Ол үшін өңірде «Мен кәсіпкер» атты жаңа жоба жүзеге асырылуда.

Сарапшы сарабы
Тәуелсіз экономист Әлихан Жамалұлы «егер біз осы өңірдің болашағы мен дамуын ойласақ, тек тау-кен өндірісі мен металлургияға сүйеніп қалмай, экономикамыздың өзге салаларын да дамыта алуға тиіспіз» деп ой тұжырады. Аймақ экономикасы ғасырлар бойы көмір, темір және басқа да қазба байлықтарға тәуелді де тәуменді болды. Дегенмен, әлемдік нарықтардағы өзгерістер мен технологиялардың дамуы жаңа талаптарды қойып отыр. Бұл өңір үшін өзекті мәселеге айналғаны рас. Әсіресе, соңғы онжылдықта жаңа бағыттарды іздеу қажеттілігі туындады. Әртараптандыру процесі тек экономикалық ғана емес, әлеуметтік және мәдени өзгерістерді де талап етеді дейді Әлихан Жамалұлы.

– Соңғы бес жылда облыс әкімдігі жаңа жобаларды жүзеге асыру үшін бірнеше қайтара әртараптандыру стратегияларын ұсынды. Әлі күнге дейін ауыл шаруашылығы саласы толығымен игерілмеген. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, өңдеу өнеркәсібін дамыту үшін қажетті ресурстар мен технологиялар жеткілікті. Бірақ, әлі де өзекті мәселе болып отырғаны – ауыл шаруашылығында еңбек күші мен жаңғырту процесінің тежелуі. Бұл бағытта облыс әкімдігі неғұрлым жасанды инкубаторлар мен заманауи агротехникалық орталықтарды ашу жөніндегі ұсыныстарды белсенді түрде қолдайды. Бұл үшін мемлекеттік бағдарламалар іске қосылып, түрлі жеңілдік несиелері мен гранттар ұсынылды. Бүгінде өңірде машина жасау, жоғары технологиялық өндірістер, сондай-ақ, химия өнеркәсібі мен фармацевтика салаларында алғашқы нәтижелер байқа-



«Ақылды» технологияға арқа сүйеп...

Кейінгі жылдары климат мың құбылды. Әсіресе, жаз мезгілінде құрғақшылық болады. Жазықта егін жайқалтқан, шөп шапқан, мал баққан ағайынға қиын болып тұр. Жыл сайын дүрлігіміз. Енді қалыптасқан жағдайларға сай икемделмек керек. Ауыл шаруашылығы саласына ғылым мен жаңа заман технологиясын жедел енгізу – маңызды. Бұл шаруа аймағымызда жыл сайын дамып келеді. Бұл күнде жұмыс техникаларына құйылатын жағармайды барынша үнемдеуге мүмкіндік беретін технологиялар бар. Тіршілік нәрін оңды-солды, есепсіз жұмсаудың алдын алатын тамшылап суару технологиясы дамыған. Мәселен, өңірде «Ақылды ферма» жобасы бар. Жобадағы технологиялар фермерлердің шығынын азайтып, көл-көсір пайдаға кенелтіп отыр. Қожалықтарды қаржылай демеуітін бағдарламалар да жеткілікті. Жоба кейінгі он жылда жүзеге асып келеді.



Қожалық жасаған Аруннан Қыстаев

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ақылды технология»

тілін тапса, табысқа бастайды

Мал өсіру және егін шаруашылығы мен қайта өңдеу саласына цифрландыру бағдарламасы сәтті енгізіліп келеді. Республика бойынша жер игерумен айналысатын 9 шаруашылық бар. Соның екеуі – Қарағанды облысында. Бірі Нұра ауданындағы «Шахтерская», бірі Осакаров ауданындағы «Надерская», бірі Осакаров ауданындағы «Надерская», бірі Осакаров ауданындағы «Надерская», бірі Осакаров ауданындағы «Надерская» шаруа қожалығы. Бұл шаруа қожалықтары Астанадағы Сәкен Сейфуллин атындағы агротехникалық университеттің мамандарымен бірлесіп жұмыс атқарады. Университет мамандары Қазақстандағы барлық игерілген жерлерді арнайы базаға енгізген. Базадағы бағдарлама әр күні фермерлерге жердің ылғалы қандай, қанша мөлшерде минералды тыңайтқыштарды қажет ететінін есеп ретінде береді. Суаруға қанша мөлшерде су керек екенін де анықтайды. Егіннің қалай өсіп жатқаны да сол бағдарламаға аян. Алқапта жұмыс істеп жүрген техникалардың орналасқан жерін көрсетеді. Қанша литр жағармай жұмсалғанын, қанша тонна бидай жиналғанын да анықтайды. Жалпы, университеті еліміздегі ауыл шаруашылығы саласына ғылым мен жаңа технологияларды енгізуге зор үлес қосуда.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов «Жаңа технология фермерлерді есепсіз шығыннан сақтап отыр» дейді.

– Фермерлер кейде жағармай шығынына ұшырап жатады. Бұған бірнеше себеп бар. Мәселен, қарамағындағы жұмысшылар техниканы өз жұмыстарына пайдаланып кетеді. Немесе, жағармайды ұрлап, сатулары да мүмкін. Ал, техникаларға орнатылған стрекерлер қожалық иесіне бәрін ашық көрсетеді. Стикерлер кейінде құрастырылған жаңа тракторларға зауытта орнатылады. Стикер бақылауда ұстайтын бағдарламамен байланыс орнатады. Сонымен қатар, жерге қажет минералды тыңайтқыштарды қалай

болса, солай себу де доғарылады. Үнеммен жұмсалады. Бәрі қаражатқа алынғаннан кейін, үнеммен жұмсаған абзал. Бұл – өте тиімді, – деді Сырым Бейсенбайұлы.

Осы бағытта өңірімізде мал өсірумен айналысатын 20 шаруа қожалығы бар. Нұра ауданында «Рамадан» деген сүт фермасы жаңа технологияны толықтай енгізген. Бұл ферма – аймағымызда ғана емес, республикадағы алдыңғы қатарлы ферманың бірі. Жоба құны 4,8 млрд теңге. «Ақылды фермада» асыл тұқымды сиырлар бар. Әр сиырдан әр сауын сайын қанша литр сүт сауылғанын арнайы құрылғылар есептеп береді. Бәрі автоматтандырылған. Жемшөбін салу, тезегін жинау – техникаларға жүктелген. Ал, барлық техниканы бір ғана оператор қадағалайды.

«Ақылды» технологиялармен жабдықталған Осакаровка ауданындағы «Евразия ИнвестЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі биенің сүтін ұнтаққа айналдырады. Осы өнімді Қазақстанның түпкір-түпкіріне сатады. Кейінде сауда нарығында трендке айналған «Saumal» ұнтағы – осы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өнімі. Тіпті, Қытайға да экспортталуда.

Өңірдегі барлық тауық фермалары да заман талабына сай жабдықталған. Жұмыртқаларын жинауға, жемін беруге, тезегін жинауға адамдар сабылып жүрмейді. Мұнда да бәрін бақылайтын бір оператор. Жұмыртқаны сортау да, қаптау да ақылды технологияға жүктелген.

Азықтүлік сақтайтын қоймаларда «ақылды» температура бақылағыштар орнатылған. Бақылағыштардың атқаратын рөлі орасан. Себебі, температура шамадан тыс төмендеп, немесе көтеріліп кетсе, мыңдаған тонна азықтүліктің сапасы нашарлап кетуі ықтимал.

Бағдарламалар игілігі

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы өңірдегі шаруа қожалықтарына 19 бағдарлама арқылы қолдау көрсетеді. Соның ішінде, субсидия зор көмек. «Ақылды»

технологиялар субсидияны үлестіргенде пайдасын көрсетеді. Мәселен, картоп егілген алқапты суару кезін қанша тонна су жұмсалғанын анықтап, соның шығынын азайту үшін белгілі мөлшерде субсидия беріледі. Осы себептен субсидия беруде біршама өзгерістер болды.

– Субсидия беруде талаптар күшейтілді. Мәселен, елімізде минералды тыңайтқыштарды өндіретін екі зауыт

бар. Соларға біз алдын ала қажетті қаражаттың 60%-ын беріп қоямыз. Ал, қалған 40%-ын фермалар өздері төлейді. Мұның ішінде инвестицияны енгізген ауыл шаруашылығы субъектілер шығынының бір бөлігін қайтарып беру деген бар. Мысалы, трактор сатып алса, соның 25%-ын қайтарамыз. Суармалы жерлерді енгізуде кеткен шығынның 80%-ын өтейді қазір. Соның 50%-ы республикалық бюджеттен, 30%-ы жергілікті бюджеттен бөлінеді. Бидайдың элиталық тұқымын сатып алған жағдайда 20%-ы, бірінші репродукциялы болса, 15%-ы өтеледі. Арамшөптерді ұлайтын химикаттар шығынының 50%-ы. Сатып алынған асыл тұқымды малдың әр басына 150 мың теңге бөлінеді. Ет комбинаттарына тапсырылған еттің әр салмағына 200 теңгеден ақша қарастырылған, – деді Сырым Бейсенбайұлы.

Ауыл шаруашылығына қажетті техника алуға биыл қожалық иелері 8 млрд теңге, ал, егін егуге 14 млрд теңге төмен пайызбен несие берілген.

Құрғақшылықтан құтқаратын әдіс

Сала мамандарының сөзінше, биыл жазда құрғақшылық болып, далада шөп аз шыққан. Бірақ, жаздың соңғы айында жауын жауып, бұл түйін тарқағандай. Қыстан қолайлы шығу үшін 2 млн-ға жуық шөп керек екен. Бүгінде фермерлер 1 млн 600 мың тоннаға жуығын жинап үлгеріпті.

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінде «Егістік жерлерді ортараптандыру» деген бағдарлама бар. Бағдарламаға сәйкес, дөңді дақылдардың алқаптарын азайтып, майлы және азықтық дақылдар егілетін алқаптар көбейтіліп жатыр екен. Бұл шешімге көп жылдық құрғақшылық себеп болыпты. Енді алдағы жылдарда аталған дақылдарға басымдық беріледі. Биыл 8,7 мың гектар жерді суармалы алқапқа айналдырып жатыр. Бұл алқаптар ауа райына тәуелсіз болмақ.

• АДАЛ АЗАМАТ – АДАЛ ТАБЫС

Сарыобалының миллионері

Ауылда жүріп те, табыс табуға болады. Кейінгі уақытта мал бордақылауға ел іші баса ден қойды. Еңбекпен ерте шыңдалған Ернат Махмет – Қарқаралы ауданы Сарыобалы ауылының миллионері. Жылына жүз бастан артық мал семіртіп, Қарағандының базарларына ет жөнелтіп отыр.



Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еті тірі, тірлігі ірі Ернат Тілекұлы атасының жолын жалғауды мұраты санайды. Махмет атасы ауыл шаруашылығы саласының жетекші маманы болыпты. Ата өнегесін сіңіріп өскен ұл да өзінің шаруашылығын ашып, кәсібін дөңгелетуде.

Қорадағы күнделікті шаруа жастайынан малсақ Ернаттың бір өзінен артылмайтын көрінеді. Содан еңбекпен шымыр болып өскен ол дене шынықтыру пәні мұғалімі мамандығын оқып алады. Оқуын ойдағыдай тәмамдап келген оның ойына мал бордақылау кәсібі келеді. Жанып тұрған жас жігітті отбасы да қолдап, сенім білдіріп, әкесі демеп жібереді.

Сөйтіп, атасының атын иемденіп, «Mahmet Agro Farming» шаруашылығын ашады. Үкіметтің жеңілдетілген несиесінің де көп көмегін көріп, 25 млн теңге қаражат алып, шаруашылықтың қажетіне жұмсайды. Өзінің қорасын кеңейтіп, жанынан тағы бір мал бордақылау алаңын салған. Жыл он екі ай тай, құнан, дөнен, бие жемдейді. Отыз жылқыға орын бар. Ал жаңадан соғып алған базында 40 сиыр жемдейді. Ауылдастарынан, көрші елдімекендерден бір жасар бұзау сатып алып, бір жыл бордақыға қояды. Мал азығы мол болса, әр бұқа шамамен 100 келі салмақ қосады. Сөйтіп, еңбек сүйген Ернат жылына 40-50 тонна ет өндіріп отыр.

«Мал бордақылау – дөме-дәл уақытты, ерік-жігерді талап ететін шаруа. Күндіз-түні қорада болуың керек. Жем-шөбі, суы уақытымен болған жөн. Мұнда мал астын тазартып отыру – бірінші мәселе. Осы еңбегімізге сай рахатын да көріп отырымыз. Үйімізді кеңейтіп, үлкен қонақ бөлмесі мен жатын бөлмелерді көбейтіп жатырмыз. Осының бәрі еңбегіміздің, малдың арқасы», – дейді Ернат.

Ернат Тілекұлы техниканың да тілін ерте меңгерген. Жастайынан егіннің, шабындықтың қым-қуыт тіршілігін көріп өскен азамат. Соның арқасында малының жем-шөбін өзі дайындайтын бесасап жігіт.

Қазір шаруашылығында тракторы, шөп шабатын техникасы, пресстегіш машинасы бар. Егін оратын «Енисей-1200 1мм» комбайны, әйгілі «Газ-53» жүк көлігі сағат тіліндей сартылдап тұр. Олардың да май-суына, саймандарына бір өзі жауапты.

Ернаттың көмекшісі – әкесі Тілек және бауырлары. Егін салуды 2018 жылдан бері қолға алып келеді. 2019 жылы 100 гектар

жерге көп жылдық екпе шөп егіп, қазір соның жемісін көріп отыр. Шаруашылығында шабындығын, егін аумағын, жайылымын қоса есептегенде 350 гектар жері бар.

Жас фермер мал семіртіп, салмақ басудың әбден қызығына кірген. 100-110 келі басатын бір жасар бұзауды таразыға салғанда 200 келіге дейін тартқызады. Сонда жем-шөпке кеткен шығынды алып тастағанда, 80 келі еттен пайда көреді. Ал, жылқы малына 70-80 келіге дейін салмақ қостырады. Бордақы мал азығы құнарлы болса ғана нәтиже береді. Сол себепті, сиырына тартылған бидайды, жылқыға кебек пен екінші сорт ұнын араластырып береді. Ет өнімін Қарағандының «Арай», «Шығыс», «Алтын арба» базарына өткізіп отыр. Онымен қоса, өзінің де тұрақты тұтынушылары бар.

Жалынды жас жігіт жиырма жасында ауылындағы ару Ақботамен отау құрады. Қазір екі жас төрт баланың ата-анасы. Көпбалалы отбасы. Аяулы жары да Ернаттың шаруасының бір жағынан шығысады. Ауылының пысық келіні атанған Ақбота екеуінің еңбекқорлығына Сарыобалы ауылындағылар сүйсінеді. Шаңырақтарынан осының бәрін көріп өскен екі жас балаларын да қазірден бастап еңбекке баулып жүр.

Ернат Тілекұлы шаруашылығының мүмкіндігін молайтқысы келіп отыр. Алайда, шабындықтың, жайылымның азығы аздаған кедергі келтіріп отырған көрінеді. Үйір-үйір жылқы өсіріп, сиырдың да санын көбейтуді ойластырып отыр. Келіншегі Ақбота да сүт өнімдерін өндіріп, күрт-майын саудаға шығарғысы бар. Онымен қоса, Ернат егін салатын жерін жаңартып, жемшөп қорын молайтуды жоспарлап отыр. Қысқасы, атасының атындағы шаруашылығын сан салалы қылғысы келеді. Оған еңбекқор екі жастың әлеуеті де, әрекеті де жетіп отыр.

Ернат – ауылын сүйетін азамат. Өйткені, жас та болса, ауылының игілікті шаруаларына үнемі атсалысып жүреді. Қайырымдылық іс-шараларына да белсенді.

Жиырма жетіге биыл толған Ернаттың осылайша еңбекпенен енесі тік. Орда бұзар отызында шаруашылығы іргелі агрокешенге айналары анық. Өйткені, малдың да жай-күйін жетік біледі, техниканы да шағып тұр, қысқасы, өзінің шаруасын шаршамай, шымыр тындырады.

Қарқаралы ауданы

Сурет кейіпкердің жеке мұраатынан

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қара жолдағы қараусыз малды қайтеміз?

Бағымсыз жайылған мал – күрежол үстіндегі ең қауіпті кедергілердің бірі. Мәселен, жыл басынан бері өңірде 402 жол-көлік оқиғасы тіркелсе, оның екеуі жолға малдың кенеттен шығуынан болған. Өкінішке қарай, бұл өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай жоғары көрсеткіш.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қауіп қайдан?

Жол үстіндегі жануарға соқтығысу көбіне аяқ астынан, беймезгіл мезетте болады. Әсіресе, інір мен түнде көлік жүргізушілеріне жайылымдағы малдың алыстан көзге шалынуы неғайбыл? Жол жүру ережесіне сай «Жануарлар өтуі мүмкін» деген белгілер тұрған тұста жылдамдықты міндетті түрде төмендетуді талап етеді. Ал, алысқа түсетін жарық жылқының көзін шағылыстырып, бағдарынан жаңылыстырады. Шамды дер кезінде ауыстырмау қауіп-қатерді еселейді.

Әкімшілік кодекстің 615-бабында малды қараусыз жіберуге тыйым салынады, ал, оқыстан апат туындаса, мал иесі Азаматтық кодекске сай материалдық шығынды өтеуге міндетті.

Аймақтағы ахуал: дерек пен дәйек

Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, биыл жайылым ережесін бұзғаны үшін 1083 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Қауіптің нақты мысалдары да аз емес.

10 тамыз күні «Қарағанды-Қарқаралы» күрежолының Алшы маңында «Toyota Fortuner» көлігі үш жылқыға соғылды. Өкшелеп келе жатқан «Hyundai Palisade» пен «Toyota Camry» жүргізушілері апаттан қашамыз деп, көлікке ие бола алмай, жол жиегіне шығып кеткен. Салдарынан бірнеше жолаушы жарақат алып, Ботақара аудандық ауруханасына жеткізілді. Ал, 13 тамызға қараған түні «Астана-Алматы» бағыты бойынша республикалық маңызы бар «Қарағанды-Алматы» аралығындағы автожолының 640-шакырымында «Chevrolet Nexia» көлігі түйеге соғылып, артынша «Chevrolet Cobalt» та



соқтығысқан. Бұл жолғы апатта бір адам оқиға орнында көз жұмып, тағы алты адам түрлі жарақат алған.

Жауапкершілік ортақ

Жергілікті жүргізушілердің айтуынша, мұндай жағдайлар «Қарағанды-Қарқаралы» бағытындағы күрежолда жиі тіркеледі. Ал, «Балқаш-Қарағанды» арасын-

дағы автобанды мұндай оқиға біршама сирек екен. Себебі, жолдың екі жиегіне жаяу жүргіншілер жолы, қоршау салынып, біршама қауіптің алдын алған.

– Жол – бәрімізге ортақ. Жүргізушілер қауіпті учаскелерде жылдамдықты міндетті түрде төмендетуі, жарықты дер кезінде ауыстыруы керек. Мал иелері үшін басты талап – төрт тұлалық қараусыз қалдырмау,

жолға шығуын болдырмау. Біздің тарапымыздан рейдтер күшейтіліп, профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен, апатты азайтудың ең тиімді жолы – әр тараптың өз міндетіне адалдығы. Жүргізуші – қарапайым жол жүру ережесіне, мал иесі – өз мүлкіне, жергілікті атқарушы органдар – инфрақұрылым мен бақылауға жауапты болуы тиіс, – деді облыстық полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы, полиция подполковнигі Нұрбол Токжұманов.

Түйін

Жолдағы қауіптің алдын алу бір ғана жүргізушіге немесе мал иесіне жүктелмейді. Бұл – атқарушы органдар мен жергілікті халықтың ортақ міндеті. Қауіпті учаскелерге қосымша жол белгілерін орнату, жарықтандыруды күшейту, жол жиегін қоршау секілді инфрақұрылымдық іс-қимылдар – соның бір бөлігі ғана. Халық даналығы «Сақтықта қорлық жоқ» дейді. Жүргізуші сауысқандай сақ болып, тұлалы бағымда жауаптылық жауапты болса, жолдағы қауіптің дені азаяр еді.

Сурет ашық дереккөзден

Теория мен тәжірибенің үйлесімі

Биыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялануы кәсіптік білім беру саласына тын серпін берді. Теория мен өндірістік тәжірибе ұштасатын дуальды оқыту жүйесі колледждерге тиімді жүзеге асуда. Кәсіпорындар оқу орындарының білім бағдарламаларын дайындауға қатысады, жұмыс береді. Ал, білім ошақтары оларға қажетті маман даярлайды. Биыл дуальды оқыту жүйесінде қандай өзгерістер бар?

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalıq Qazaqstan»

Кәсіпке баулу мектептен басталады

Биыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау жүзеге асуда. Мәселен, Оқу-ағарту министрлігі Үкіметпен бірлесіп, «Жұмысшы мамандықтарының жылы» ұйымдастыру жөніндегі республикалық жоспарды бекітті. Сондай-ақ, Кәсіптік-техникалық білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған жол картасын қабылдады.

Еліміздің барлық өңірлерінде жұмысшы мамандықтарының беделін көтеру, кадр даярлау сапасын арттыру, жұмыс берушілермен ынтымақтастықты кеңейту шаралары қамтылған жоспарлар әзірленді.

Атаулы жыл аясында салаға баса назар аударылып отыр. Айталық, Қарағанды облысында бүгінде техникалық және кәсіптік білім беретін 52 колледжде мемлекеттік тапсырыс көлемі ұлғайып, 9 300 орынды құрады. Оның 60 пайызы техникалық мамандықтар үлесінде. Сонымен қоса, студенттер стипендиясы екі есе өскенін айта кеткен жөн.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласында бұдан басқа жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы, техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау, халықаралық деңгейдегі сертификатталған мамандарды дайындау, жұмысшы орындарын құру, жұмысшы мамандардың құқықтарын қорғау және мәртебесін көтеру қамтылған. Кәсіпорындармен бірлесіп, еліміздің мектептерінде



толығымен кәсіби диагностикамен қамтылады, – деген болатын Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Дуальды оқыту, тиімді модель

Бүгінде колледждерде теория мен тәжірибені ұштастыруға мүмкіндік беретін дуальды оқыту жүйесі қолданылады. Өлемдік тәжірибеге негізделген дуальды оқыту жүйесі техникалық-кәсіптік білім беретін колледждердің өндіріс мекемелерімен бірлесе отырып, нарық заманында бәсекеге төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгерген мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

Қарағанды облысында дуаль-

таситын автокөлік және арнайы техника бойынша теорияны оқып қана қоймай, Саран қаласындағы QazTehna зауытында тағылымдамадан өтіп, жұмысқа орналасуға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, бұл ынтымақтастық Қазақстанның автомобиль өнеркәсібінің дамуына маңызды үлес қосады және студенттер мен жас мамандар үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Кәсіпорындарда кадр тапшылығы мәселесі жоқ емес. Бұл түйткілді шешу үшін биыл өткен «Еңбек нарығының болашағы» форумында QazTehna корпоративтік университетінің басшысы Айдос Айтбаев кәсіпорындар мен маман даярлайтын оқу орындары бірлесуі нәтижесінде оқу бағдарламалары жетілдіріліп жатқанын атап өткен болатын.



1 000 бейінді сынып ашу жоспарланды. Оның 205-і облыста да жұмыс істеп тұр. Мамандыққа бағыттау жұмысы жаңа мазмұнға ие болып, оқушылардың көптеп қатысуын мақсат етіп отыр. Облыстың білім басқармасының мәліметінше, өңір мектептеріндегі бейіндік сыныптарда медицина, педагогика, экология, АӨК, IT және «Жас сақшы» құқықтық жобасы қамтылған. Жаңа оқу жылынан бастап, тағы 50-ге жуық сынып ашу жоспарда бар.

Сондай-ақ, мектептерде «ProfiWay» цифрлық платформа-сы іске қосылады. Платформада сұранысқа ие мамандықтар, оқу орындары және өңір кәсіпорындары туралы ақпарат ұсынылады. Осылайша, жоғары сынып оқушыларына колледждер базасында алғашқы жұмыс кәсібіне оқыту тәжірибесі енгізілуде.

– Кәсіптік бағдар берудің реформасындағы жаңа талаптар туралы білуге, экономиканың нақты секторларындағы мансап перспективаларын бағалауға және мамандықтарды дұрыс таңдауға мүмкіндік береді. Бұл үшін мектептердегі кәсіби бағдарлау қызметі күшейтіледі, оқушылар

ды білім беру жүйесі енгізілген 38 колледж 300-ге жуық кәсіпорынмен тығыз байланыс жасайды. Оған шамамен 7 мың студент қамтылған. Оқыту жүйесі бойынша колледждер кәсіпорын сұранысына сай мақсатты кадрлар даярлайды, ал, кәсіпорындар оқу бітірген түлектерді міндетті түрде жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді. Аймақта 1 000 студент жұмыс берушілердің тікелей тапсырысы бойынша білім алуға. Негізгі серіктестер қатарына QazTehna, Qarmet және ҚТЖ компаниялары бар.

Өндіріс өнеркәсіптік әлеуетін дамытып, мамандарды даярлау сапасын арттыруда дуальды оқыту жүйесінің маңызы өте зор. Былтыр дуальды оқыту жүйесі негізінде Қарағанды индустриялық университеті мен QazTehna компаниясының бірлескен жұмысының нәтижесінде оқу орнында зауыттық мамандандырылған зертханасы ашылған. Сондай-ақ, екі жақты келісіммен «Автомобиль жасау» мамандығы бойынша бакалавриат білім беру бағдарламасы енгізіліп, оқыту басталған болатын. Бұл бағдарламаның ерекшелігі студенттер үш негізгі модуль – жеңіл автокөлік, жолаушылар



– Бізге қажет мамандарды біреу даярлап береді деп күтуден еш пайда жоқ. Бұған біз де қатысуымыз керек. 2030 жылға дейінгі стратегиялық меморандумға қол қойылған. Негізгі басымдық

– көлікті жөндеу мен қызмет көрсету мамандарын, сондай-ақ дәнекерлеушілерді даярлау. Биыл Қарағанды көлік-технологиялық колледжі базасында сырлаушы-



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

мультимедиялық дизайн бар.

– Біздің колледж базасында «Өндірісті автоматтандыру және технологиясы» бағдарламасы іске қосылуда. Ол заманауи үдерістерді қамтиды: түлектер тек қызмет көрсетіп қана қоймай, өндірістік желілерді бағдарламалай да алады. Бұл – IT-құзыреттері бар жаңа буын мамандары, – деді Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің директоры Жанар Рахимова.

Биыл Қарағанды облысының техникалық және кәсіптік оқу орындары республика көлемінде дуальды оқыту бойынша 35 пайыз көрсеткіш құрап отыр. Мұны Қарағанды көлік-технологиялық колледжінің оқытушысы Аян Амантайұлы айтты. Биылғы атаулы жыл аясында колледж басшылары Қытайға сапар шегіп, ондағы оқу орындарымен тәжірибе алмасып қайтқан. Сондай-ақ, жаңа мамандықтарды ашу бойынша лицензия дайындалып жатқанын атады.

Ал, еліміздің жетекші оқу орын-



ларды оқытуға арналған мақсатты топ ашылады. Оқу бағдарламасы бірге әзірленіп, бекітілді, – деді Айдос Айтбаев.

Зауыт 160-тан астам мақсатты грантты жүзеге асырды және облыстың төрт жетекші колледжімен ынтымақтастық орнатқан. Олар – Қарағанды жоғары политехникалық, тау-кен индустриалдық, көлік-технологиялық және Саран техникалық колледждері.

Осылайша, жұмыс беруші компаниялар білім беру бағдарламаларын құруға тікелей қатысады. Индустриялық кеңестер арқылы олар өндіріс сұраныстарына сүйеніп отырып модульдер мен құзыреттерді қалыптастырады. Оған жауап ретінде колледждер жаңа, сұранысқа ие мамандықтарға лицензия дайындайды.

дарының бірі Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінде дуальды оқыту алты мамандық бойынша жүзеге асырылуда. Бұл жүйеге Қарағанды қаласының 20-дан астам кәсіпорын базасында тәжірибелік дайындықтан өтетін 289 студент қатысады. Олардың қатарында «Жилой фонд» ЖШС, Prof Invest, «Центэнегромеханизация» ЖШС, №1 эксперименттік зауыт және білікті мамандар қорын құруға мүдделі қаланың басқа да негізгі кәсіпорындары бар.

Колледж жұмысшы мамандарды даярлауда жақсы көрсеткішке ие. Мәселен, дәнекерлеу ісі бойынша білім алған түлектердің ешқайсысы жұмыссыз қалмайды екен. Білім ошағының директоры Әсел Сапарованың айтуынша, жалпы түлектердің жұмысқа орналасуы

құрылыс компанияларының бірі «Жилой фонд» ұйымында жұмысқа орналасып, табысын тауып жүр.

Халықаралық тәжірибе – кәсіптік білімде

Білім беру технологиялары үздіксіз дамып жатқан заманда сырт қалуға болмайды. Осы тұста әлем елдері бір-бірінің тәжірибесіне сүйеніп отырып, білім беру жүйелерін жетілдіруге күш салуда. Біздің еліміз де бұл үрдістен шет қалмай, халықаралық стандарттарға сай білім беру моделін қалыптастырып жатыр. Қарағанды облысының қазіргі таңда бес колледжі халықаралық аккредитациядан өткен. Сонымен қатар, Қытай, Германия, Түркия, Финляндия және басқа да елдердің білім беру ұйымдарымен тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілуде.

Мәселен, Шахтинск технологиялық колледжінің басшылары мен оқытушыларынан құралған Қарағанды облысының делегация-

сы «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында Минск қаласына іссапармен барып, тәжірибе алмасып қайтты. Негізгі мақсат – озық білім беру тәжірибелерін зерделеу және екі ел колледждері арасындағы әріптестік байланысты нығайту болды.

– Сапардың басты оқиғаларының бірі – Шахтинск технологиялық колледжі мен Минск мемлекеттік құрылыс техникасы және технологиялары колледжі бірлесіп әзірлеген «EduWelding» виртуалды білім беру платформасын таныстыру болды. Аталған жоба дәнекерлеу ісі саласындағы мамандарды даярлауға арналған цифрлық білім беру кеңістігін құруды көздейді. Бұл платформа арқылы оқу материалдары, заманауи технологиялар мен инновациялық әдістер қолжетімді болмақ. Виртуалды платформа студенттердің заманауи форматта білім алуына, ал, оқытушылардың озық білім беру құралдарын пайдалануына мүмкіндік береді, әрі оқу процесін жетілдіре түседі, – деді Шахтинск технологиялық колледжінің директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Малика Орынбасарова.

Жаңа оқу жылынан бастап Теміртау жоғары политехникалық колледжінде «гидротехникалық құрылыс» және «мелиорация» бағыттары бойынша су шаруашылығы компетенциялары орталығы жұмыс істей бастайды. Бұл орталық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған, заманауи оқу-өндірістік база болмақ.

Сонымен қатар, BYD (БІД) компаниясымен бірлесіп, аталмыш колледж базасында электромобильдерді жөндеу және қызмет көрсету бойынша оқу орталығы ашу жоспарлануда. Орталық халықаралық стандарттар мен тұрақты даму принциптеріне сай жұмыс істейтін болады.

Ал келесі жылы Балқаш технология және сервис колледжінің базасында туризм саласының мамандарын даярлау мақсатында қонақ үй кешені форматындағы заманауи оқу зертханасы ашылады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Абайтанудың қазығы – сот ғылымы

Абайтанудағы өзекті мәселелердің бірі – 1822 жылы Ресей империясында қабылданған «Устав об управлении инородцев» және соның негізінде жасақталған «Устав о сибирских киргизах» жарғыларының нормаларының мәнін, ішкі сырын толық ашу жолында сот ғылымын тиімді пайдалана білу.

1822 жылғы жарғылар кешені империялық биліктің Сібірлік жергілікті халықтарының өзінің егемендігі мен тәуелсіздігінен толық айырылып, өз ырқы өз қолынан мүлдем кеткенін, біржолата империяның басыбайлы меншікті субъектісіне айналғандығын, колониалдық басқару жүйесінің енгізілуін, метрополияның үстемдігін түпкілікті заңдастырды.

1822 жылғы «Устав о сибирских киргизах» жарғысының мәтінінде осынау актіні ерекше жарғы деп белгілей отырып, заңның §1 нормасында қазақтарды көшпенді жатқұрттық сословиесіне жатқызған, ал, §269 нормасында Орта жүз қазақтарын Ресей «подданые» деп бекітеді.

Патша үкіметі әскери колониалдық жолмен жаулап алынған жұртқа жарғының §291 нормасында өзінің мүддесін бүркемелейтін, шындыққа шымылдық қылған екіжүзді норма енгізді: «Аталған заңды қабылдауға ешкімді зорламаймыз, бірақ бір рет келісім берген соң, уәде сөзді қайтып алуға ерік берілмейді».

Бұл норманың пішіні жүз жыл өткенде сәл өзгергенмен ішкі болмысын сақтап қалады, арада тағы бір жүз жыл өткенде байырғы қалпына қайтып оралуды арман қылады.

1824 жылы Батыс Сібірге қарайтын Қарқаралыда сыртқы округ құрылып, биліктің жергілікті органы болып табылатын приказ ашылып, оның төрағалығына сұлтандар арасынан актінің §36 бабына сай аға сұлтан сайланатын.

Ол тұста қазақ елінде хандық билік жойылды, бірақ, далада бұқара наразылығы және сұлтандардың қарулы көтерілістері тыйылмады, тарих таразысы толқып тұрды. Сол себептен, патша үкіметі бұрынғы төре, сұлтандарды, билерді жергілікті билікте уақытша ұстауға мәжбүр еді.

Патша қызметкері князь П.Горчаков, арғы тарихта черни-

чаков өзі қазан айының 22-сінде бекітеді.

Жарғының §56,57,58 талаптарына сәйкес аға сұлтан бар істі мемлекеттік биліктің жергілікті органы болып табылатын округтік приказ арқылы атқаратын.

Сол себептен аға сұлтан Құнанбай билік орталығы приказ орналасқан Қарқаралы мекенінде тұруға міндетті еді.

Құнанбайдың заңды жеке үйі болуы мүмкіндігін жарғының §167-168 баптарындағы аға сұлтанға ресми бөлінген жер телімінде қандай да бір жылжымайтын мүлік салынған болса, қызметтен кеткенде тиісті бағалаудан соң сол оның пайдасына сатылады деген заң нормасы жоққа шығармайды.

Аға сұлтан Құнанбайдың Қарқаралыда қызметтік пәтерінен бөлек, жалдап алсын, салып берсін, сатып алсын өз отбасымен тұра алатын үйі болғаны туралы деректің анықтығын растайтын Омбы архивіндегі Құнанбай Өскенбаевтың ісіне жүгінейік.

Қарқаралы округтік приказына Құнанбайдың үстінен берілген арыздарды тексеруге іссапармен келіп жатқан Батыс Сібірдің бас баскармасының чиновнигі Гусевтің 1852 жылдың 3 тамызында жазған ресми хатында приказдың орыс заседателі Добшинскийдің Қарқаралы приказына қарайтын гауптвахтадан Майбасар Өскенбаев пен Мырзақан Туғанбаевты бостандыққа шығарып жіберген іс-әрекеттеріне наразылық білдірген.

Аты аталған қазақтарды гауптвахтаға өзі қамаған Гусев хатында оларды ертеңінде Қарқаралы көшесінде тайрандап жүргеніне және аға сұлтан Құнанбайдың үйінде жайбарақат тұрып жатқанына таң қалғанын жазады. Чиновник Гусевтің приказ бен Омбыдағы баскармамен хабарласқан хаттарында Құнанбайдың үйі туралы дерек бір емес, бірнеше рет аталынады.

Құнанбайдың аға сұлтандық



Сурет ашақ деректен

дың азаматтық хал актілерін тіркеп отыруға міндеттелген.

Өлкетанушы Е.Мұстафин 1852 жылдан бастап, Уфадағы округтік баскармаға жолданып отырған метрикалық актілер ішінен 1852 жылдың 21 желтоқсанында Құнанбайдың Ұлжанның туған ұлы Оспан туралы Қарқаралы мешітінің метрикасын кездестіреді.

Уфадан Құнанбай ұлының туу метрикасын тапқан өлкетанушы Е.Мұстафин Абайдың інісі Оспанның Қарқаралыда дүниеге келуі мүмкін деген пікір білдіріп отыр.

Зерттеуші Е.Мұстафин архивтен табылған Оспанның метрикасына абайтанушылар қызығушылық танытар деп ойлайды. Орнымен айтылған білімді сөз.

Жазушы М.Әуезов өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясында Абайды «Телкоңыр» деп атауы бекер емес. Оның негізінде бала Абайдың Қарқаралыда Ұлжан мен Айғыздың қасында болуы оқиғасы жатыр дей аламыз.

Тарихтан Құнанбайдың 1855 жылы әуел басында Абайды Семейдегі Ғабдұл-Жаппар имамға беріп, артынан ғылым жолын тереңдетіп оқытатын Ахмет Риза мешіт-медресесіне ауыстырған әрекетінен хабардармыз.

Ендігі кезекте ақырын жүріп, анық басып, Ақжан Машанидің «Бала Абай 1850-1855 жылдары Қарқаралыда Қазаннан келген татарлардан оқыған» деген дерегіне келейік.

Аталары Абай елімен ежелден араласқан, сүйек шатыс болған ғалымның беріп отырған дерегімен санаспасақ ақиқатқа қиянат болар.

Абайдың ой-өрісінің дамуына империядағы шығыстану ғылымдарының бір орталығы болған Қазан қаласында оқығандар оң ықпал еткендігі туралы Машани берген деректің растығын дәлелдейтін заң нормасын сөйлейтін.

Жарғының §71 бабындағы 1-тармағында «Жаңадан құрылған округтік приказдарында қаралатын істер орыс және татар тілдерінде жүргізіледі» деген заң нормасы бар.

Татар тілін билік тілі қылып заңдастыру татар оқығандарының метрополияның қызметінде көптен бері жүргенінің айғағы, татарларды басшылыққа тарту мемлекеттің ресми ұстанған саясаты екендігінің заңды дәлелі екендігіне шет ел ғалымдарының дерегін келтірейік.

1826 жылы Алтай мен Шығыс Қазақстанның флорасын зерттеу мақсатында Алманияның Дерпт университеті, құрамында ғалымдар К.Лебедур, А.Бунге, К.Мейер бар ғылыми экспедициясын ұйымдастырған.

Бұл ғалымдардың күнделіктері 1829-1830 жылдары Берлинде неміс тілінде жарық көреді. 1997 жылы В.Завалишин, Ю.Бубенков күнделікті толық аударып, 800 да-намен басылып шыққан.

1826 жылдың 26 шілдесінің кешінде неміс ғалымы Мейер Семейден Қарқаралыға бет алады, жолда Тобықты елі жайлы мол мәлімет жинайды.

Мейер сонау Семейден шыққан күннен төрт апта бойы дала кезіп, Қарқаралыға 26 тамызда жетіп құлайды.

Жергілікті молда Саллик Са-

гитич диоптаздық рудникке шейін оған жолбасшы болуға келіскен.

Молда Салликтің шыққан тегі – татар, 30 жылдан астам осындағы казактармен бірге тұрады, Қарқаралының жер-суын жақсы біледі, ертеректе орыс кезбелері Шангин мен Вяткиндерге жол көрсеткен.

Мейерге Қарқаралыда жолыққан молда Саллик Сагитич кейін приказда «губернский секретарь» дәрежесіне жетіпті.

Жарлықта секретарьдің қызметтік құзыреті сипатталмаған, тек жылдық жалақысы 900 рубль болыпты, аға сұлтандық – 1200, Ресей заседателі – 1000, қазақ заседателі – 200.

Жылдық жалақысына қарағанда, секретарь приказда іс қарағанда қабылданған шешімдерді журналға түсіріп отырып, іс барысын қадағалап, бақылап отыратын жауапты қызметкер.

Ғалым Ш.Уәлиханов 1864 жылы «Сот реформасы» атты жазбасында Ресей үкіметінің қазақ жеріндегі дін саласындағы саясатына терең бойлап, жүйелі сынады.

Ол үкіметті Жарлық енгізген приказдар, ережелермен қоса шала сауатты, қараңғы, نادан татар молдаларын күштеп енгізіп, татар білімін мәжбүрлеп таратты деп айыптады.

Шоқан солақай саяси, ғылыми негізделмеген реформаның салдарынан Орта жүзде қазақ халқының жанына жат пиғылдағы шала сауатты татар молдаларынан бөлек, өздерін әулиеміз деп жариялаған кезбе курд, түрік, ноғайлар басып кетті деп наразылық білдірген.

Жылдың қазақ даласында өздерінің адамдары, мешіттері арқылы «отарлаушылық мұсылмандықты» енгізуге мүдделі болып, қазақтарды осы уақытқа шейін мұсылмандықтан гөрі дінсіз, язычниктер деп санайды да, оларды христиан діні сеніміне тарту, шоқындыру саясатын актінің §244 параграфында арнайы норма қарастырады.

Бұл арада метрополия Жібек жолымен небір сауда керуендері араб, парсы тілі мен дінін емін-еркін енгізіп, қазақты бауырына басып алмақ ойынан да қайтпеген.


Әділет ісінің алды-артын байқарлық білім, ғылымы бар Құнанбай құдай беріп тұрған мүмкіндікті өз мақсат-мүддесіне сай неге ұтымды пайдаланбасын.

Ғылымның пайдасын көре білген Құнанбай қалыптасқан жағдайды қапысыз пайдалана білді. Абайға ұстаз болар адамды Қазаннан оқымыстыларының ішінен таңдап, өз қаржысына жалдады.

Тағы бір жығылмас дәлелді Абайдың өз сөзінен келтірейік: «Мен жасымнан көп көрдім, мұсылманды, кәпірді. Абыралыдай көрмедім, намаз білмес пақырды».

Қазанның оқымыстыларынан дәріс, тәрбие алған Абайдың «Бұл заманның молдалары хакім аттына дұшпан болады» деген сөзі Жарлық әкелген отарлау молдаларының ғылымға қас ниетте болғанын әшкерелейді.

Ақжан Машани жазған Абайдың Қарқаралыда өскен ортасын жарғы нормалары арқылы сипаттап берелік.



Жазушы М.Әуезов өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясында Абайды «Телкоңыр» деп атауы бекер емес. Оның негізінде бала Абайдың Қарқаралыда Ұлжан мен Айғыздың қасында болуы оқиғасы жатыр дей аламыз. Тарихтан Құнанбайдың 1855 жылы әуел басында Абайды Семейдегі Ғабдұл-Жаппар имамға беріп, артынан ғылым жолын тереңдетіп оқытатын Ахмет Риза мешіт-медресесіне ауыстырған әрекетінен хабардармыз.

Приказ §56, 57, 58 параграфтарда жергілікті мемлекеттік орган деп жарияланған, аға сұлтан Ресей үкіметі атынан жергілікті басқару ісін атқаратын земский чиновник болып танылған. Приказдың канцеляриясы, штатында секретарь, аудармашы, тілмаш қарастырылған.

Заңның §124 параграфында әрбір округте приказ орналасатын ғимараты, оның мүшелеріне баспана болатын тұрғын жай, кеңсесіне бөлме, чиновниктер, переводчиктер, толмачтар тұратын үй салынсын деген норма бар.

Жарғы нормаларынан округтік приказдың өзі орысы, қазағы, әскери күзеті, татары бар бір кауым ел болғанын байқаймыз.

Округтік приказда татар оқымыстыларынан татар тілімен бірге орыс тілін де үйреніп білген Абай приказда әкесі Құнанбай өткізетін сот істерін де көзі көріп, құлағы естіп үйренген.

Заңның §22 параграфына сәйкес округтік приказдың полициялық һәм соттық қызметі болған, сот процестерінде аға сұлтан төрағалық ететін.

Приказ құрамында §20 параграфқа сай облыстық баскарма тағайындаған екі Ресей заседателі, құрметті қазақтардан сайланған екі заседатель болатын.

Төре бітіктің түсіндірмесінде «дателъ» дегеніміз – зерттеу, соттау. Бітік істі дұрыс зерттеп, толық билік шығару үшін әрбір судья толымды, білімді ғалым адам болуы тиіс дейді.

Бітік талабынан біз бұрынғының адамы сот ісін ғылыми қызмет субъектісі, зерттеу институты, сот ғылымы ретінде танығанын көреміз.

Абайдың да пікірі соған саяды, сот ғылымы жайында «Интернатта оқып жүр» өлеңінде бітіп айтқан: «... Қысық болса закон бар, судьяға беруге. Ол да оязной емес қой, алуға теңдік сенуге. Я өз бетіңмен тәуекел, занмайсы прамотой. Жәулік көрме, бек керек, оған да ғылым, оған да ой, қалайынша қайда енуге».

Абай сот ғылымының табиғатын дұрыс аңғарған. Сот ғылымы – сот төрелігі, сот әкімшілігі, сот билігінде әділет ісінің алды-артын байқарлық, сот арын сақтайтын іргелі мінез туралы ғылым.

Абай да алғаш сот ғылымымен Қарқаралы округтік приказында танысқанын Жарлықтың §210 параграфы растайды.

Бұл нормада округтік приказ уездік сотқа теңестірілген, сотта жалпы мемлекеттік заңнамаға сай кісіге қасақана қаза келтіру, барымта, қарақшылық, билікке бағынбау, мемлекетке опасыздық



істер» қаралатын, сот отырысында аға сұлтан төрағалық ететін.

Сотта шешім жалпы дауыс берумен шешілетін. Алдын ала тергеу жүргізген приказдың мүшесі сотта шешім қабылданғанда дауыс бере алмайтын уездік соттың шешімі облыстық соттың ревизиясына жіберілетін.

Бала Абай Қарқаралы приказында оқымысты татарлардан орыс тілін үйреніп білгені оның сот процестерін тындауға, көруге, білуге септігін тигізгені анық іс. Қарқаралы приказы о заманда барлық үкіметтік, үкімет еместік ғимараттар бір жерге шоғыр-

ланған шағын әскери-соғыс бекінісі болатын. Абай осынау бекіністің тар шеңберіндегі өмірді қызықтап жүргенде 1850 жылының қаңтарында Абай әкесі Құнанбайдың үстінен ел адамдары арыз түсіргенін, тергеу басталғанын естиді. Омбыдан тергеуге келген чиновниктерді көреді, әкесінің Қарқаралыда қамауға алынғанына, қолына кісен салынып, Омбыға айдалғанына куә болады.

Құнанбай 1854 жылдың қарашасында Омбы тұрмесінен кепілдікке шығып, 1855 қаңтарында Қарқаралыға өзін сағына күтіп отырған отбасына қайтады. Тергеу әлі де жүріп жатқан және іс немен аяқталары белгісіз, дегенмен қайсар қайраткер Құнанбай алған бетінен қайтпайды. Басшылық ісінен бас тартпай күрестің келесі кезеңіне өз баулып, баптап, билікке, мемлекетшілдік мінезге үйретіп, дайындап жүрген бала Абайды салады.

1855 жылы Құнанбай Абайды Семейге медресеге оқуға апарды да, 1858 жылы оқуын толық бітіргізбей, өзінің қасына көмекшілік қызметке, сүйеу болар жігіттікке еріксіз шақыртып алдырады.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға». Құнанбайдың Қарқаралы приказында өзінің қасында баласы Абайды ұзақ уақыт ұстағанының басты себебі де баласын басшылық ісіне қосу болатын.

Құнанбай баласына ұлағатты ұстаз бола білген әке. М.Әуезов романының басында бала шәкірт Абайды «Бөрінің бөлтүрігі» деп заңды суреттеген.

Абай да әкенің ақыл Жарлығынан сырдаң тартпады, тез жириенбеді, Қарқаралыда алған бар білім, ғылымын әке жолына салды, алысты, айқасты. Ашуға да, айлаға да жакты шырақ!

Сонымен, біздің талдауымызда Абайдың көркем өнеріне арқау болған қайраткерлік өмірі Қарқаралы приказында басталғанын заман заңы, ғылым қисыны дәлелдеп отыр.

Қарқаралы – Абайдың балалығы өлгенін анық біліп, сезінген, өмірге сын көзімен қараған кезі.

Сын – сот. Сот – толымды ойдың отты шағы. Толымды, білімді сот – ғалым. Сот ғылымы – заңдылық пен құқықтық тәртіп.

Сот ғылымның керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Сот ғылымы – ар-ұятыңды оятар, түп иене қайтпағыңды ойға салар өлшем. Сот ғылымы – абайтанудың қазығы.

Марат АЗБАНАЕВ

Туризмнің тұғыры

«Туризм экономиканың өсуіне жаңаша серпін беретін сала болуы тиіс» деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Осы орайда, Қарағанды өңірі ел экономикасын еселеп қана қоймай, отандық туризмнің дамуында да ойып тұрып орын алады. Жыл сайын кенді өлкеге ресми түрде тіркеліп, 500 мыңнан астам турист келеді.

Әсіресе, шетелдік туристердің қызығушылығы артып келеді. Олардың саны орта есеппен жылына 16 мыңға артып отыр. Қытай, Туркия, Германия елдерінен келетін туристер саны басым. Бұл облыс туризмінің халықаралық деңгейде танылғанын көрсетеді. Нақты жұмыстардың нәтижесінде, 2024 жылы туризм саласына 1,8 млрд теңгеге 11 инвестициялық жоба жүзеге асырылды.

Туристтік әлеуеті алуан түрлі аймақ жылдың төрт мезгілінде де туристерге ыңғайлы жағдай жасайды. Қыста шаңғы-шана тегіп, саятшылық құруға Қарқаралы мен Қызыларайдың таулы аймағы мен орман оазисі бар, аптап ыстықта Балқаш көлі жанға сая. Сонымен қатар, тарихи орындарымен де танымал.

Аймақта өзінің көркем табиғатымен ерекше орын алатын тоны торқа, түгі алтын Қарқаралы өңірі табиғи ерекшелігіне байланысты экологиялық, тарихи-мәдени, этнографиялық туризмге өте қолайлы. Граниттен түзілген таулы және орманды өлке. Туристердің қызығушылығын тудырып отыран табиғи ландшафт қорғауды да қажет ететіндігі сөзсіз. Аудан аумағындағы табиғаттың жүйелі қалпын сақтау мен қорғауда Қарқаралы мемлекеттік табиғи паркінің үлесі зор.

Елімізде 14 ұлттық парк болса, соның 10 үздік паркінің қатарындағы Қарқаралы табиғи паркінде серуендеу, көлге шомылу, балық аулау, мәдени ескерткіштерді көруге мүмкіндік бар. Яғни, ұлттық парк аумағы экотуризмнің дамуына өте қолайлы. Орман мен дала, тау мен көл, аң-құспен өсімдік бір тыныспен өмір сүруін, әрі табиғат тынысының бұзылмауын күзетуде табиғи парк орманшылардың еселі еңбегі жатыр. 112 120 гектарды қамтитын Қарқаралы, Тау, Кент және Бакты орманшылығында қарағай, қайың, терек, үйеңкіден бөлек шөптесін өсімдіктердің 200-ден астам түрі бар. Сонымен қатар, қорықтық қызмет, туристік рекреациялық, экологиялық тұрақтылық, шектеулі шаруашылық аймағынан тұрады. Жануарлар дүниесімен үйлесім тапқан аймақтағы Шайтанкөл, Бассейн көлі, Әулиебұлақ туристер үшін жұмбақ та тартымды орындардың бірі. Парк аумағына жылына 40 мыңға дейін турист келеді. Әсіресе, маусым мен қазан айында келушілер қарасы қалың.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 9,44 гектарды құрайтын 4 жер учаскесі ұзақ мерзімді пайдалануда және 9,47 гектарды құрайтын 11 учаске туристерге тиімді қызмет атқаруда. Нәтижесінде, парк аумағында түрлі демалыс орындары ашылып, келушілерге қолайлы жағдай жасауда. Сонымен қатар, рекреациялық туризмді дамыту мақсатында Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (ҚМҮТП) инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарына сәйкес қосымша 20 жер учаскесі енгізілді. Алдағы уақытта инвестициялық жобалар негізінде демалыс орындарының саны артпақ. Инвесторлар парк аумағында өз кәсіптерін жүргізуден бөлек оны қорғауға да міндетті.

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи парктің ғылыми қызметі табиғи нысандарды жүйелі бақылауға негізделген. Көктемгі оянудан күзгі тынымға дейін



өсімдіктердің фенологиясы тіркеледі, сирек кездесетін түрлердің мекендеу аумақтары белгіленіп, картаға түсіріледі. Бұл жұмыстың мәні – әр маусымның тынысын тыңдап, жыл сайынғы құбылыстың заңдылықтарын көру. Қарағай тұқымдастарының жаңару белсенділігі, далалық гүлді шөптердің гүлдеу ұзақтығы, бұлақ көздерінің су беру тұрақтылығы секілді байқамай өтіп кететін ұсақ жайттар зерттеп, зерделенеді. Камера-капкандар мен ізіне түсіп есепке алу әдістері арқылы жануарлар әлемінің қозғалысы жазылады.

– Соңғы жылдары табиғи парктің мониторингтік әлеуеті біртіндеп жаңарып келеді. Далалық деректер электрондық негізге түсіп, электронды сүйемелденетін қабаттар жинақталып, бақылау нүктелері мен маршруттар біріздендірілді. Мамандар фенологиялық күнтізбені нақтылап, индикаторлық түрлерге баса мән беріп, қысқы-жазғы маусымда учаскелерде жүйелі есеп жүргізеді. Алынған деректер алдын ала сапалық тексерістен өтіп, кейін бірыңғай ақпараттық жүйеге енгізіледі. Мұндай тәсіл бір жылдың сәттік көрінісін ғана емес, ұзақмерзімді үрдісті көруге мүмкіндік береді. Қай жерде жүктеме шамадан асуы мүмкін, қандай кезеңде құстар мен жануарлар, әсіресе, сезімтал, қандай учаскеде адам ізі тым қою – осының бәрі графиктер мен картадан айқын көрінеді. Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи парктің ашықтығы да осыдан танылады: ғылыми бөлімнің міндеттері мен әдістері жария сипатта, ал деректер ұлттық биомониторинг жүйесімен үйлесімде қамтылып отыр, – дейді «Қарқаралы» МҮТП республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры Руслан Тулепбаев.

Сондай-ақ, орман ішінде өрт қаупін ерте анықтайтын бақылау маршруттары жаңартылып, қауіпті кезеңдерде қосымша кезекшіліктер күшейтілген. Жоғарыдағыдай бақылаулардың арқасында табиғи мекендерде қалпына келтіру шаралары тұрақты жүргізіледі. Яғни, тапталып қалған соқпақтар жабылып, өсімдіктерді қайта өсіруге жағдай жасалып, тозған учаскелер жасылдандырылады.

Аумақтағы табиғи кеңістікті әрі онда болып жатқан тірлікті бақылау цифрлық жүйеге негізделуде. Атап айтқанда, құстың үнін талдайтын шағын құрылғы-



лар мекендердің биоалуандығын қашықтан бағалауға мүмкіндік береді. Кей тұстарда дронмен бақылау, сақтықты күшейтіп, шешімді дәлелдеуге қызмет етеді.

Парк аумағында «Шайтанкөл көлінің аңыздары», «Тас ертегісі», «Үш үңгір», «Тарихи ескерткіштер» атты 4 туристік маршрут бар. Әр маршруттың өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, теңіз деңгейінен 1200 метр биіктікте орналасқан Шайтанкөлге жаяу көтерілуге тура келеді. Жол салудың машақаты – тау жыныстарын кесу, орман алқабын жою, ауыр техниканы қолдану өз кезегінде топырақ эрозиясын, жауын-шашын суларымен лайлануды, өсімдіктер мен жануарлардың мекендеу ортасының бұзылуын тудырады. Жаяу соқпақ табиғи экожүйенің тепе-теңдігін сақтайды. Маусым сайын, туристік маршруттарды абаттандыру мақсатында ақпараттық тактайшалар, бағыт көрсеткіштер қоқыс жәшіктері және урналар жылма жыл жаңартылып отырады.

Табиғи парктің басты мақсаты – орманды өрттен қорғау. Осы орайда, өз аумағы бойынша 60 шақырымға күйдіру және 9 шақырым жаңа минералды жолақтар орнатылды. Мекемеде 38 қызметкер, 1-үлгідегі 2, және 2-үлгідегі 1 орман өртін сөндіру станциясы және 9 адамнан тұратын ерікті өрт сөндіру жасағы бар.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...



Еске алу

Қарқаралы ауданына қарасты бұрынғы Егіндібұлақ ауданының тумасы, «Қара» руынан шыққан ұлағатты ұстаз, ардақты ана, аяулы әже Әмина БІЛӘЛҚЫЗЫНЫҢ өмірден озғанына биыл 14 қыркүйекте бір жыл толып отыр.



Токсан жасқа толуына бір ай қалғанда, дүние салды.

Қарағанды қаласындағы мұғалімдер дайындайтын институтта химия және биология пәндері бойынша жоғары білім алып, үздік дипломмен бітірген. Өмірінің басым бөлігін жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге арнап, саналы ғұмырын ұстаздыққа арнады.

Білім беру саласындағы елеулі еңбегі үшін бірнеше рет аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі марапаттарға ие болды. Екі рет Қазақстан Республикасы Оқу министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Еңбек және тыл ардагері ретінде, Ұлы Отан соғысының аяқталуына арналған мерекелік медальдармен де марапатталған.

Өмірдің қызығы мен киындығын қатар көрді. Тіршілігінде ұрпағының қызығын көремін деген арманы орындалмай, үш бірдей баласынан ерте айырылып, үлкен тағдыр сынын бастан өткерді. Соған қарамастан, мойымай зейнетке шығып, елге қадірлі, ұрпағына үлгі бола білді.

Жолдасы Дюсентай Оспанұлымен 65 жыл тату-тәтті өмір сүрді. Екі ұлынан тараған бес немере мен бірнеше шөбере сүйді.

Қолындағы немересі Теңіз әжесі сырқаттанып қалған кезінде анасындай қарап, ерекше жанашырлық танытты. Әжесі сол қамқорлығы үшін қатты риза болып кетті.

Сағынамыз, еске аламыз. Жаның жәннатта, иманың саламат болсын, аяулы ӘЖЕ!

Құрметті ағайын-туыс, жора-жолдас, құда-жекжат, әріптестер мен көзкөрген достар!

Ардақты әжеміз Әмина Біләлқызының қайтыс болғанына бір жыл толуына орай берілетін ас 2025 жылдың 14 қыркүйек күні, сағат 13:00-де, Қарқаралы қаласындағы «Аслан» кафесінде өтеді.

Баршаңызды еске алу дастарханына шақырамыз. Құран бағышталып, дұға оқылады.

Еске алушылар: **Жолдасы – Дюсентай, Немерелері – Теңіз, Ардақ, Айдана, Нұрбол, Нәби**

№333

Дрон табиғатты күзетеді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қаланың кейбір алыс, көзден таса, бақылауы қиын учаскелері – көбіне заңсыз қоқыс үйінділеріне айналады. Бірақ, бұл олқылықтың орнын қазір ұшқышсыз ұшу аппараттары, яғни, дрондар толтыра бастады. Дрон арқылы тәртіпті қадағалау – экологиялық қауіпсіздік саласында жасалған үлкен серпіліс, – деп атап өтті облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Жасқайрат Қайыров.

Жақында Қарағандыда полиция дронның көмегімен белгіленбеген жерге құрылыс қалдықтарын төгіп жатқан азаматты қолға түсірді. Нәтижесінде, бір емес, бірнеше рейспен әкелінген қоқыс екені анықталды. Жүргізушіге әкімшілік айыппұл салынып, оның көлігі айып тұрағына жеткізілді. Қоршаған ортаға келтірілуі мүмкін зиян дер кезінде тоқтатылды.

Тағы бір оқиғада ұшқышсыз ұшу құрылғысы арқылы 33 жастағы азаматтың бетон ерітіндісін рұқсатсыз төгіп жатқан сәті дәлел ретінде тіркелді. Мұндай технологиялар құқық бұзушыларға тосқауыл қоюдың, жауапкершілікті арттырудың нақты жолына айналып отыр.

Қазір тексеру жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін Қа-

рағанды полициясы әлеуметтік желілерді мониторингтеу, бейнебақылау жүйелерімен біріктірілген дрондарды қолдану тәжірибесін кенінен енгізіп жатыр. Бұл – дәлдік пен жедел әрекет етудің кепілі.

Мысалы, 7-магистраль көшесінде жүргізілген рейд барысында КамАЗ көлігінің жүргізушісі, 1992 жылы туған Азат Теміров құрылыс қалдықтарын заңсыз төгіп жатқан жерінен ұсталды. ҚР ӘҚБтК 505-бабы 2-бөлігіне сәйкес хаттама толтырылып, көлік айып тұраққа қойылды.

– Цифрлық бақылаумен қатар, қоғамдық бақылаудың да маңызы зор. Жоғарыдағы заңбұзушылықтардан бөлек, Балқаш қаласы маңында бірнеше заңсыз қоқыс үйіндісі анықталып, тазартылды. Бұл істе белсенді тұрғындардың көмегі мен жергілікті биліктің жауапты көзқарасы ерекше рөл атқарды. Экологиялық мәдениет тек жазалау арқылы емес, ортақ түсінік арқылы қалыптасуы керек, – дейді Жасқайрат Иманбекұлы.

Цифрлық технологияны тиімді қолдану – болашақта табиғатқа жасалатын кез келген қиянатты дер кезінде анықтап, заң аясында тоқтатуға мүмкіндік беретін таза табиғат пен ұлт саулығына апарар сенімді жол.

ТОО «AIBALTA – 2024»
Все виды охранных услуг государственных и коммерческих предприятий

Ерубаева, 34, оф. 307, тел.: 8 7011739087, 8 7003949800.

Лицензия №24033840, выданная 26.11.2024 года
ГУ «Департамент полиции Карагандинской области МВД РК». МВД РК.

д

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҮРГЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
«Қарағанды облысының мемлекеттік сузет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін сенім телефоны 78-10-51 жұмыс істейді.

д

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fnk.kar@minfin.gov.kz

д

• БОКС

Кинделан келді

Әлемге әйгілі кубалық боксшы, екі дүркін Олимпиада чемпионы, үш мәрте әлем чемпионы Марио Сесар Кинделан елге келді. Ол жастармен білімін және тәжірибесін бөлісу мақсатында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетіне ұстаздық міндетпен келіп, дәріс беруді бастады.

Кинделан – әлемдік әуесқой бокстың аңызға айналған тұлғасы. Техникасы – мығым, шаршы алаңдағы жекпе-жек мәнері, найзағай жылдамдығындай аяқ қозғалысы және мызғымас қорғанысымен жанкүйерлер мен спорт сарапшыларының көзайымына айналған саңлақ.

Алғашқы күні ол дене тәрбиесі және спорт факультетінің қызметімен, сондай-ақ, «Жігіттің сұлтаны» спорт кешімен танысты.

– Бокс аңызы Кинделанды оқу ордамызда қарсы алу – біз үшін мәртебе. Есімі әлемдік спорт тарихында алтын өріппен жазылған спортшының өнегесі жас буынды жігерлендіреді. Жас боксшылардың осындай былғары қолғап шеберлерінен үйреніп, олардың тәжірибесі мен жігерін бойына сіңіруі маңызды, – деді университет ректоры Нұрлан Дулатбеков.

Кездесудің ажарын ашқан бөлік – студенттер мен жас боксшыларға арналған шеберлік сабағы болды. Университет түлегі, Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев



пен кубалық боксшы Марио Сесар Кинделан шаршы алаңда жұдырықтасып, бірлесіп жаттығу өткізді. Қос дүлдүлге спортты дамытуға және боксты насихаттауға қосқан үлестері үшін естелік кубок

тар табыс етілді.

– Қонақжай қазақ еліне бұған дейін де бірталай рет іссапармен келдім. Куба мен қазақ елінің боксқа деген сүйіспеншіліктері ерекше. Қазақ жастарының әрқайсы

сының көзінен ұшқын көрдім. Екі елдің арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтып, бокс саласын жандандыруға күш-жігерімізді салсақ, көнігі боксшылардың көптеп шығатыны анық. Сол мақсатта арнайы шақырғандарыңызға бек қуаныштымын. Жауапкершілікті сезініп, бар білгеніммен бөлісіп, жастарды жігерлендіруге тырысамын, – деді кубалық боксшы.

Шеберлік сабағына жиналғандардың қарасы қалың. Кездесу соңында қонақтар естелік сыйлықтармен алмасты. Марио Сесар Кинделан университетке қолтаңбасы қойылған бокс қолғаптарын табыс етсе, ректор қонаққа оқу орнының имидждік өнімдерін ұсынды.

Марио Сесар жеткіншектерге бокс бойынша дәрістер мен шеберлік сабақтарын өткізеді. Сонымен қатар, облыс аудандары мен қалаларында да спорттық кездесулер жоспарланған.

Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті – Геннадий Головкин, Серік Нұрқаев, Бейбіт Есжанов, Серік Елеуов, Аркадий Топалев, Абылайхан Жүсіпов сынды әлемге танымал былғары қолғап шеберлерін түлеткен кастерлі білім ордасы. Алдағы уақытта да бұл дәстүр жалғасын тауып, университеттің спорт мектебінен еліміздің көк Туын желбіретер ұлт ұландары қалыптасып шығатынына сенеміз.

Өз тілшімізден

Сурет ұйымдастырушылардан

• ВЕЛОЖАРЫС

Шыдам сыны

Конституция күніне орай Қарағанды және Саран қалаларында облыстық велоспорт чемпионаты ұйымдастырылды. Додаға Қарағандыдағы велоспорт мектеп-интернаты, Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжі мен Саран қаласының балалар-жасөспірімдер спорт мектебінен жалпы 70 спортшы қатысты. Жарыс алты жас санаты бойынша өтті.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы күні велошабандоздар «Динамит» велоайлағында жеті шақырымдық байгеде бақ сынады. Бұл сында Евгений Ковальчук, Камила Юдина және Қуаныш Мұсабеков жеңімпаз атанды.

Екінші күні Саран қаласының көшелерінде топтық сайыс өтті. 37 шақырымдық қашықтықта юниорлар мен жасөспірімдер жарысса, 18,6 шақырымда юниор қыздар мен жасөспірім қыздар күш сынасты. Мұнда Жасмин Дүйсенбіқызы, Максим Ковальчук, Владимир Борн мен Камила Юдина үздік шықты.

Үшінші күні Новоузенка аэродромында жасөспірімдер арасындағы топтық жарыстар жалғасты. 10 шақырымдық қашықтықта Оксана Болбина, 20 шақырымда Клим Коровкин мәреге бірінші болып жетті.

Чемпионат Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы, облыстық велоспорт федерациясы және олимпиадалық резерв мектебінің ұйымдастыруымен өтті. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен және Алғыс хаттармен марапатталды.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ДЗЮДО

Қола қолда, алтын алда

Болгария астанасы Софияда дзюдодан қадеттер арасында өткен әлем чемпионатында теміртаулық Әділжан Жаудинов бес белдесу өткізіп, қола медаль жеңіп алды. Байрақты бәсекеге 71 елдің спортшылары қатысқан болатын.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әділжан – 16 жаста. Ол Теміртау қаласындағы Әлия Молдағұлова атындағы облыстық спортқа дарынды балаларға арналған мектеп-интернат-колледжінің филиалында білім алады.

– Бізге ол үлкен әлеуетпен, яғни, спорт шеберлігіне үміткер мәртебесінде қабылданды. Бұған дейін облыстық және республикалық жарыстарда бірнеше дүркін жеңімпаз атанған. Әлем чемпионатына жолдама алу үшін Әділжан Еуропа және Азия кубоктары секілді ірі турнирлерде бақ сынап, жеңіс жолын жалғап келеді, – деді мектеп-интернат-колледжінің директоры Мәрия Сәбитова.

Әділжанның салмақ дәрежесі – 90 келіге дейін. Бұл санатта әлемнің 30



Сурет облыс әкімінің сайынан

үздік дзюдошысы бақ сынады. Әділжан алғашқы белдесуде Франция өкілімен кездессе, екінші жекпе-жегінде Мысыр спортшысын арқадан асыра лақтыру әдісімен ұтты. Үшінші кездесуде жапон дзюдошысынан жеңілгенімен, келесі белдесуде Венгрия спортшысына тізерлей отырып, арқадан асыра лақтыру әдісін қолданып, үштікке таласуға мүмкіндік алды. Қола медаль үшін соңғы айқаста ол

Чехия спортшысымен кездесіп, айқын басым түсті.

– Әлбетте, бұл нәтижеге біз қуаныштымыз. Соңғы жылдары дзюдошыларымыздан әлем чемпионатында жүлдеге жеткендер жоқ еді. Сондықтан, бұл жүлденің құны жоғары. Оның үстіне, Әділжан – болашағынан зор үміт күттіретін спортшы, алдағы уақытта бірінші орынға да таласа алады, – деп атап өтті Мәрия Сәбитова.

• ФУТБОЛ

«ALGA»-ның алғашқы сабақтары

«ALGA!» жобасы аясында Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінде бастауыш сынып оқушыларына арналған алғашқы футбол сабақтары өтті. Қарағанды облыстық футбол ассоциациясы (QOFA) мен Freedom Holding Corp. қолдауымен іске асқан футбол сабағында балалар доппен жұмыс істеудің негізгі әдістерін меңгеріп, футбол техникасының қыр-сырымен танысты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сабаққа «Шахтер» командасының қақпашысы Игорь Шацкий арнайы келіп, өз тәжірибесімен бөлісті. Ол жас спортшыларға тек ойын шарттарын үйретумен шектелмей, оқушыларға төзімділік, жылдамдық пен икемділікті дамытуға бағыт-бағдар берді.

– «ALGA!» жобасы балаларға тек футболшы ретінде ғана емес, тұлға ретінде өсуге мүмкіндік береді. Мұндай сабақтар арқылы олар тәртіп, сыйластық және ко



мандамен жұмыс істеуді үйренеді. Мен осы жоба арқылы өскелең ұрпақтың өмірге дұрыс көзқарас қалыптастыруына сеп болғанымға қуаныштымын, – деді Игорь Шацкий.

Жаңа оқу жылында «ALGA!» жобасы Қарағанды, Саран, Теміртау, Абай және

Үштөбе қалаларындағы он мектепте іске қосылды. 1-4 сыныптарда футбол сабақтары дене шынықтыру пәнінің бөлігі ретінде өтсе, жоғары сынып оқушылары үшін қосымша үйірмелер ашылады. Барлық мектептер заманауи спорттық

• ЕСКЕК ЕСУ

Азиядан – алты медаль

Қытайдың Шэньян қаласында өткен академиялық ескек есу бойынша Азия чемпионатында Қазақстан құрамасы сапындағы теміртаулық спортшылар жоғары нәтиже көрсетіп, алты медаль жеңіп алды. Қарағанды облысынан жеті спортшы сыңа түсіп, U19 және U23 жас санаттарында бақ сынады.



Сурет облыс әкімінің сайынан

Ұлттық құрама үшін басты қарсылас Өзбекстан мен Вьетнам ескекшілері болды. Қытай құрамасы негізгі спортшыларын шығармағандықтан бәсекелестік біршама бәсеңдеді. Соған қарамастан қарағандылықтар зор мүмкіндікті ұтымды пайдаланып, толағай табысқа қол жеткізді.

– Шэньяндағы жарыс сан ғасырлар бойы жалғасып келеді. Сондықтан, ұйымдастыру деңгейі өте жоғары. Спортшыларымыз өзіне жүктелген міндетті мұлтіксіз орындады, – деді облыстың академиялық ескек есу бойынша аға жаттықтырушысы Владимир Белоногов.

Сайыстағы ең жоғары нәтиже – Батыр Мәдиев пен Дмитрий Ануфриевтікі. Олар жұптық ескек есуде алтын медаль иеленді. Қыздар арасындағы төрттік ескек есуде Афина және Варвара Белоноговалар күміс жүлде жеңсе, олар Тамара Первушкинамен бірге әйелдер сегіздігінде қоржынға тағы бір күміс салды. Тамара Первушкина жеке жарыста (қыздар арасындағы бірлік) қола медальға ие болды.

Қола жүлдені төрттік қос ескекті қайықта Семен Первушкин, Батыр Мәдиев және Дмитрий Ануфриев иеленді. Сондай-ақ, ерлер сегіздігі сапында өнер көрсеткен Алексей Красновский үшінші қола медальды иеленді.

– Бұл нәтиже – біз үшін үлкен жетістік. Қарағанды спортшылары ұлттық құраманың жалғыз алтын медалін жеңіп алып, өз шеберліктерін тағы бір мәрте дәлелдеді. Біз әлемдік аренадағы чемпиондарды тәрбиелеп келеміз, – деді аға жаттықтырушы Владимир Белоногов.

Осылайша, облыстың спортшылары Азия чемпионатында ел қоржынына бір алтын, екі күміс және үш қола жүлде салып, ұлттық құраманың алапасын асырды.

Өз тілшімізден

құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Осыған дейін 61 мұғалім арнайы семинардан өтіп, UEFA D санатындағы жаттықтырушы лицензиясын алды. Бұл құжат оларға мектеп бағдарламасы аясында футболды еркін оқытуға және жарыста балалармен кәсіби жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

– Балалармен сабақ өткізгенде тек доп ойнауға ғана бауыламаймыз. Сонымен қатар, біз оларға жеңіліске мойымауды, командамен жұмыс істеуді, көшбасшылық қасиеттерді дамыту дағдыларын қалыптастырамыз. Табандылық пен еңбек әрқашан жеңіске апаратын жол екенін қаперімізде ұстауымыз керек, – деді Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі Сәуле Айдарханова.

Жоба алдағы жылдары кеңейіп, жаңа мектептерді қамтымақ. 2029 жылға дейін өңірде он шағын футбол алаңын салу жоспарланған. Ал, 13 қыркүйекте Саран қаласында «Freedom ALGA!» футбол фестивалі өтеді. Онда кәсіби жаттықтырушылар мен ойыншылар шеберлік сабақтарын өткізіп, балаларға арналған ойындар, сайыстар ұйымдастырылады.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактордың м.а.
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZXX БИН 000840001412

Тарапымыз 3 512
№97 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жәлел ШАЛҚАР**